



ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Әнгімелесу барысында Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентін туған күнімен құттықтап, оған бақ-береке және Өзбекстан халқының игілігі жолындағы жауапты қызметіне табыс тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық, тату көршілік және одақтастық қатынастарын нығайтуға Шавкат Мирзиёевтің қосқан зор үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Президенттер екіжақты өзара ықпалдастықтың жоғары қарқынын атап өтіп, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты арттырудың перспективаларын талқылады.

Тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді қарастырды. Сондай-ақ жоғары деңгейдегі байланыстардың алдағы кестесін пысықтады.

АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ АЛҒА БАСУДА



«Әлемді асыраушы – аграрлық сала» деп жатамыз. Шынымен де солай. Бірақ уақыт озып, заман өзгерген сайын бұл салаға да жаңашылдық пен тың серпін қажет болып отыратыны тағы бар. Осы ретте саланы ғылыми бағытқа бұрып, жаңа технологияны жаппай енгізетін уақыт жетті дейді сала ғалымдары. Ел Үкіметі де аграрлық саланың оң бағытта ғылыми дамуын қолдап, сан алуан бастамаларға қаржы құйып келеді.

(Жалғасы 5-бетте)

«ЗАМАН ТАҒДЫРЫН ТОЛҒАҒАН...»



Мәди Айымбетов шығармалары жайлы ой тербеу – қиынның қиыны. Автор жанын түсініп, ұғыну үшін де шығарманы сан мәрте оқып, әрбір ойдың астары мен қалтарысында жатқан дүниелерге сыни көзбен қарап, електеп, екшеп барып қана қолға қалам ұстайсың.

ЭКОТУРИЗМ – ЕЛ ИГІЛІГІ



Әлемде туризм саласы ерекше қарқынмен дамып келе жатыр. Әсіресе, экологиялық туризм аталмыш индустрияның ең қарқынды секторы болып отыр. Экотуризм дүниежүзілік саяхаттың 25%-ына тиесілі болса, оның үлес салмағы жыл сайын 20%-ға артып келеді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИГЕ – ЖАҢА САЯСАТ

2023 жылдың күзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні нормативтік тұрғыда реттеу қажетін айтқан болатын. Қазір 120-дан астам ел бұл мәселені шешу үшін әртүрлі заңнамалық акті қабылдаған. Мемлекет басшысы еліміздің де бұл саланы құқықтық тұрғыда реттеуі шетелдік компаниялардың нарыққа келуін ынталандыратынын мәлімдеген. Иә, жасанды интеллект қарқынды дамып келе жатқандықтан салаға қатысты ұлттық саясаттың болуы маңызды. Осы ретте күні кеше ел Үкіметі «Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» қабылдады. Еліміз жасанды интеллект саласы бойынша қандай деңгейде? Жаңа тұжырымдамада не қамтылды? Алдағы жоспарымыз қандай болмақ? Талдап көрелік...

(Жалғасы 4-бетте)



ТАБЫСТЫҢ КӨЗІН ВАГОННАН ТАПТЫ



Атырауда студенттер ескі вагондарды жаңартып, табыс тауып жатыр. Жазғы демалыс уақытын осылайша, пайдалы іспен айналысып әрі қаржы табуға арнап отырған студенттер өздеріне бұл іс ұнап жатқанын айтады.

(Жалғасы 7-бетте)



ЭТНОСПОРТТЫҢ ЖҰЛДЫЗЫН ЖАРҚЫРАТАР ЖАРЫС

«Астана Арена» стадионында Көшпенділер ойынының ресми ашылу салтанаты ежелгі Олимпиада ойындарының дәстүрлі рәсімдерімен үндесе отырып, қазақ халқының ұлттық рухани-мәдени бай мұрасы, әдет-ғұрпы және мемлекеттің даму белестері, музыкалық ән-би жауһарлары, күмбірлеген күймен көмкеріле театрландырылған сахналық қойылым арқылы көрермен көзайымына айналмақ.



ВОЛОНТЕРЛІК – ОТАНШЫЛДЫҚ ҮЛГІСІ

Патриотизм – Ата Заңымызда бекітілген құндылық. Бүгінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қабылданып жатқан шаралар да, заң жобалары да тікелей және жанама түрде отаншылдықты нығайтуға бағытталған. Ел басына күн туғанда, әртүрлі қиыншылық келгенде қоғам игілігі үшін еңбегін тегін арнайтын еріктілер отаншылдықтың бүгінгі қоғамдағы үлгісін паш етіп жүр.

Быттыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық волонтерлер форумында еріктілерді бүгінгі адамзаттың элитасына тенеді. «Біз әлемде бұрын-соңды болмаған түрлі проблемаларға кездесіп отырмыз. Сондықтан қазір жарқын болашаққа деген үмітті өшіріп алмау үшін ымырашылдық өте қажет. Мен халықаралық волонтерлік бағдарламалар тиімді екеніне және жеке тұлғалар арасындағы дипломатияны ілгерілетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Өз өмірін өзгелерге арнап жүргендерге, әсіресе мұны халықаралық деңгейде істеп жүргендерге алғыс білдіргім келеді. Өйткені оларды адамзаттың элитасы, бейбітшілік пен мейірімнің нағыз елшілері деп айтуға болады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар Президент волонтерлік қызметті экологиялық құндылықтарды ілгерілетуге пайдалануға болатынын атап өтіп, волонтерлерді бүгінгінің батырына тенеді.

Волонтерлік қозғалыс қазіргі күні бүкіл әлемде өзара риясыз көмек пен патриотизмнің, қоғамға және елге пайдалы адам болудың үлгісі ретінде жан-жақты дамып келеді. Әлем бойынша волонтерлік қызметке 150 млн адам өз еркімен араласады. Бұл — көмекке толмағандарды есептегендегі көрсеткіш. Пандемия кезінде волонтерлердің маңызы мен өзектілігі артты. Осыдан кейін олардың қоғамдағы орны айшықтала түсті. Қазақ елі де еріктілер қозғалысына ерекше мән беріп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл елімізде Волонтер жылы деп жарияланғаны белгілі. Мәселен, пандемия кезінде волонтерлер қиын жағдайда қалған 1 млн 258 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетті. Олардың қатарында соғыс және еңбек ардагерлері, жалғызбасты қарттар, әлеуметтік осал топтағы азаматтар, көпбалалы, аз қамтылған отбасылар бар. Еріктілер аталған азаматтарға 93 мың азық-түлік себетін, 5,5 млн-нан астам бетперде таратты. Қоғамдық бақылау жүргізу үшін волонтерлер мен белсенділер тобы ел бойынша 397 волонтерден тұратын «Қоғамдық бақылау» тобын құрды.

Төтенше жағдайлар министрінің айтуынша, Қостанай облысындағы өрт кезінде мыңнан астам волонтер зардап шеккендерге 1 200 тоннаға жуық көмек жинап, алғашқы қажет заттар мен азық-түлігі бар 150 машина жіберген. Ал өткен қыста Екібастұз қаласында болған ТЖ кезінде 300-ден астам волонтер гуманитарлық көмекті қабылдау

және іріктеу бекеттерін ұйымдастырды. Түркиядағы зілзала кезінде бауырлас елге көрсетілген көмек — елдегі волонтерлік пен қайырымдылық дамуының ең жарқын кө-рінісінің бірі. Ұлттық волонтерлер желісі гуманитарлық көмекті жинау бойынша жұмыс жүргізді. Нәтижесінде, Түркияға 500 тоннадан астам гуманитарлық көмек пен 150 киіз үй жіберілді. AFAD қорына қазақстандықтар 10 млн АҚШ долларынан астам қаражат аударды.

Мамандар әлемнің барлық аймағына экологиялық апат қаупі төніп тұрғанын, осы тұрғыда жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау, сол арқылы адамзат баласының да жайлы өмір сүруіне жағдай жасау күн тәртібінен түспейтінін еске салады. Экологияны сақтау мәселелері Қазақстан үшін зор маңызға ие. Сарапшылардың пікірінше, әртүрлі елдегі экологияны жақсарту және жануарларды қорғау бойынша жұмыс істеп жүрген волонтерлер осы бағыттағы ең белсенді адамдар болып есептеледі. Ал біздің елімізде тұрғындарды экология саласындағы волонтерлік қызметке тартуға бағытталған Біргеміз: Таза Әлем жалпыұлттық жобасы іске асырып келеді.

Көптеген дамыған елде волонтерлердің қоғамдағы рөлі ерекше. Әлемдегі дерек бойынша еріктілер дүние жүзінде кең таралып, әлемдік қозғалысқа, белсенді топқа айналды. Мәліметтерге сенсек, әлем бойынша 1 млрд-қа жуық адам ерікті болып табылады. Олардың жаһандық дамуға тигізер үлесі орасан. Мысалға, әлемдік ішкі өнімнің 2,5 пайызы Еріктілер еңбегінің нәтижесі екен. Бірқатар елде ерікті болу — қалыптасқан жағдай, олар үлкен құрметке ие. Себебі жұрт оларды ерекше сыйлайды, құрметтейді. Келтірілген ақпаратқа қарағанда, Франция халқының жартысына жуығы волонтер атанған. Сонымен қатар Германия мен Жапонияда еріктілердің саны жылдан-жылға көбейіп келеді.

Айта кетейік, кейінгі үш жылда елімізде волонтерлердің саны үш есе көбейді. Мысалы, 2019 жылы волонтерлік ұйымдардың саны 50-ден астам болса, өткен жылғы есеп бойынша 680-ге жетіп отыр. Сонымен бірге волонтерлердің саны 2019 жылы 50 мың болса, 2023 жылы республика бойынша волонтерлер саны 200 мыңнан асқан. Иә, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қоғамға қызмет ету — қашаннан қанымызға сіңген асыл қасиет. Осы отаншылдық қасиетіміздің арқасында еліміздің өркендеп, дами берері сөзсіз.

Анарис АҚЫЛМАН

ЖЫЛУМЕН ҚАМТУҒА ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ

Алдағы жылы беру маусымының үзіліссіз өтуін қамтамасыз ету үшін Үкімет резервінен Батыс Қазақстан облысының әкімдігіне шамамен 4,9 млрд теңге бөлінді. Тиісті қаулыға Премьер-Министр Олжас Бектенов қол қойды.

Қаражат Орал қаласындағы екі жылу магистралін реконструкциялауға бөлінеді. Олар тәуекелдің «қызыл аймағындағы» 19 жылу көзінің тізбесіне кіреді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке оларды басым тәртіппен жаңғыртуды тапсырған болатын.

Премьер-Министр Олжас Бектенов биылғы ақпан айында өңірге жұмыс сапары барысында әкімдікке көп кідіртпей реконструкциялауды талап ететін жылуды қамту нұсқалары бойынша құжаттама дайындауды тапсырған болатын. ТМ-5 және ТМ-2 жылу магистралдары бойынша жобалар дайындалды.

Орал қаласындағы ұзындығы 1,6 шақырым болатын ТМ-5



жылу магистралі 1987 жылы пайдалануға берілген, оның тозуы 80%-ды құрайды. Жөндеу жұмыстарына 574 млн теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Екінші жоба 4 шақырым ТМ-2 жылу магистралін реконструкциялауды қамтиды, оның тозу деңгейі — 75%. Жобаны 4,3 млрд теңге көлемінде қаржылан-

дыру көзделген. Екі учаскеде де күрделі жөндеу бұрын-соңды жүргізілмеген.

Бөлінген қаражат 106 көпқабатты үй мен 20-ға жуық әлеуметтік нысанды, яғни 24 мың абонентті, балабақшалар, мектептер, колледждер, ауруханалар мен емханаларды үздіксіз жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылғанына екі жыл ғана болған Ұлытау облысында Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Ресурстық тілдерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың қаңтар айынан бастап жұмыс жасауда. Бір жарым жылға жуық уақытта тіл саясатында бірқатар істі атқарып тастаған болатын. Соған тоқталып өтсек.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

— Мемлекеттік тілді дамыту, сындарлы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру — елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, оның мемлекеттілігін нығайтудың маңызды шарттарының бірі. Конституцияда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесі айқындалған. Қазақ тілі — Қазақстанда тұратын барлық этностарды топтастырудың маңызды тетігі және елдің рухани қазынасының қайнар көзі. Мемлекеттік тілді меңгеру, оның этносаралық қатынастар тілі ретіндегі рөлін нығайту, қоғамдық қатынастардың барлық саласында оны пайдалану патриотизм сенімін, мемлекет тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға алғышарттар қалыптастырады, — дейді Ұлытау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ресурстық тілдерді дамыту орталығының басшысы Ержан Көшербаев.

Жаңа құрылған мекеме алдымен үштұғырлы тіл саясатын насихаттауға арналған «Отбасымен бірге үш тілді үйренейік» атты тілдер кешін жоғары дәрежеде өткізді. Іс-шараға Жаңаарқа ауданынан,

жалпыоблыстық дәріске оқу орындарының студенттері мен оқытушылары қатысты.

«Мемлекеттік тіл — мәңгілік елдің мәңгілік тілі» облыстық фестиваль өткізілді. Фестивальдің шымылдығы Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, сыршыл ақын Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» атты поэзия кешімен ашылды. Фестиваль аясында мемлекеттік қызметшілер арасында онлайн форматта «Үздік мақала» сайысы өткізіліп, қорытындысы шығарылды. Өзге ұлт жастары арасында онлайн форматта «Отан — тарих, Отан — тіл» байқауы өткізіліп, қорытындысы шығарылды. «Сауатты жарнама — тіл абыройы» атты шағын және орта кәсіп өкілдері арасындағы облыстық байқау өтті. Сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелер арасында өзге ұлт бүлдіршіндерінің қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?» атты облыстық байқау да мәреге жетті.

— 2023 жылы мемлекеттік тілді құрметтеу аясында көрнекілік пен жарнамалардағы қателіктерге жол бермеу үшін 21 рейд жүргізілді. Оның ішінде 180 нысан қамтылды. 150 нысанда заңбұзушылық анықталып, оларға ұсынымхат толтырылды.



Сәтбаев, Жезқазған қалаларынан 5 отбасы қатысты. Кейін «Ғаламтор және жазу сауаттылығы» тақырыбында Жезқазған жоғары медициналық колледж студенттерімен пікірталас жүргізілді. Студенттер өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

Быттырғы сәуірде өткен «Мемлекеттік тіл — Тәуелсіздік символы» тақырыбында облыстық семинарға Ұлытау облысы бойынша тіл мамандары түгел қамтылып, қатысты. Ұлытау облысы аудан, қалаларының тіл мамандарымен бірлескен «Тіл — қарым-қатынастың алтын көпірі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, мамандар пікір алмасты. Сонымен қатар «Тіл керуені» атты республикалық семинарға Алматы, Астана, Қарағанды қалаларынан лекторлар шақырылып үлкен келелі кеңес өтті. «Еркін ел ұрпағы» жалпыұлттық патриоттық диктант жазу іс шарасы да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жалпыұлттық диктантқа Ұлытау облысы бойынша 67 400 адам қатысты. Алаш рет облыста жастар арасында «Тілдарын» облыстық олимпиадасы өтті. Облыс аймағы түгел қамтылып, 14 қатысушы өтінім берді. Жеңімпаздар анықталып, марапаттары берілді. Ұлытау облысының құрылғанына 1 жыл толуына орай, «Ұлытау — ұлы өлкем, ұлықдалам» атты облыстық көркемөз оқу байқауын өтті. Байқауда Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарынан сондай-ақ Жәйрем кентінен келген 18-35 жас аралығындағы үміткерлер бақ сынады.

Орталықтың ұйымдастыруымен өткен «Тіл үйретудің заманауи әдіс-тәсілдері» атты облыстық дөңгелек Жезқазған, Сәтбаев қалаларының тіл мамандары, арнаулы орта және жоғары оқу орнының оқытушылары, қоғам белсенділері қатысты. «Ұлт ұстазы — Ахмет Байтұрсынұлы» атты

Сонымен қатар 150 нысанға нұсқаулық парақтары таратылды. Басты кемшілік — Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» 21-бабы (Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі) мен «Жарнама туралы» заңның 6.2-бабының талаптарының сақталмауы, яғни көрнекі ақпараттардың 1 тілде, тек ресми тілде жазылуы, орналастыру реттілігінің бұзылуы болып отыр, — дейді орталық басшысы.

Биыл да орталық тілді дамытуға байланысты бірнеше мәрте жиындар өткізіп, семинарлар ұйымдастыруда. «Көп тіл білген — көпті ілер» атты облыстық тілдер кеші де осыны меңзейді.

2024 жылдың 1 жартыжылдығында 11 рейд жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 70 нысан қамтылды. 36 нысанда заңбұзушылық анықталып, оларға ұсынымхат толтырылды.

— Орталық мамандары Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институттарының ұйымдастырған онлайн семинарларына қатысып, қажетті ақпараттар алып отырады.

9 шілдеде дәстүрлі облыстық «Тілдарын» олимпиадасы өтті. Облысымыздың 18 бен 35 жас аралығындағы қала, аудандардан келіп қатысқан үміткерлер сайыстың 3 кезеңі бойынша бақтарын сынады. Жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды, — дейді Ұлытау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ресурстық тілдерді дамыту орталығының басшысы Ержан Көшербаев.

Ресурстық орталық алда да 2024 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес, жүйелі жұмысын жүргізе бермек.

Ұлытау облысы

ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ

Болашақта Қарқаралы Қарағанды облысының экотуризм орталығына айналады. «Бұғылы» рекреациялық аймағының 75 гектарында этноауыл, тау шаңғысы трассалары және жайлы қонақүйлері бар заманауи туристік кешен салынады.



«Бұғылы» табиғи оазисі кездейсоқ тандалмады. Рекреациялық аймақтың аумағы Қарқаралы қаласына іргелес және ұлттық табиғи паркке қосылады. Кешен бес негізгі секторға бөлінеді: экотуризм аймағы, этноауыл, ойын-сауық саябағы, демалыс үйлері, тау шаңғысы кешені.

— Біз заманауи туристік кешен құрғымыз келеді, онда барлық ниет білдіруші өздеріне ұнайтын демалыс түрін табады. Біреу табиғатта рюкзакпен және шатырларын жайып немесе тауға шыкса, енді біреу тарихқа үңіліп, киіз үйде өмір

сүргісі келеді, сондай-ақ белсенді спорт пен жайлы қонақүйлерді ұнататын адамдар бар. Сондықтан «Бұғылы» аумағы тандалды, ол бір мезгілде орманға да, қалаға да жақын, — дейді Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арынов.

Кешеннің көрікті жері этноауыл болады, онда атқа мінуге, балық аулауға, табиғат аясында ұлттық тағамдардан дәм татуға болады. Рекреациялық аймақтың орталығында 7 гектардан астам ойын-сауық паркі орналасады, онда спорт және ойын алаңдары, веложолдармен жабдықталады.

«Бұғылыда» 366 орындық 56 қонақүй және глэмпингтер салу жоспарлануда. Сондай-ақ Қарқаралыда туризмді дамыту үшін ескі бөгет қайта жаңғыртылуда, онда қоғамдық жағажай жабдықталып жатыр.

Су қоймасының түбін тереңдету және тазарту аяқталды, көпір салынды. Тротуарларды жайластыру, паркінгті асфальттау басталды, Балқаш жағалауынан құм әкелінді. Сонымен қатар мұнда жарықтандыру тіректері, урналар орнатылады, шағын архитектуралық формалар, шатырлар және балалар ойын элементтері пайда болады.

— Бұрын бөгеттен басқа ештеңе болған емес. Былтыр біз қайта құруды бастадық. Жағажайда 20 жатақхана болады, су қоймасында бір уақытта 100 адамға дейін демалуға болады. Жалпы, бөгет аумағы «Бұғылы» рекреациялық аймағына іргелес екенін ескере отырып, тәулігіне 200-300 демалушыны қарсы аламыз деп үміттенеміз. Қарқаралы өзені су айдынына құяды, — дейді Қарқаралы ауданының Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуандық Таласбаев.

Қазір Қарқаралы ауданында бір мезгілде 3 мыңға жуық турист қабылдай алатын 40-қа жуық демалыс үйі мен қонақүйлер бар. Былтыр ауданға 9 мыңнан астам адам келді. Жана нысандардың ашылуы демалушылар ағынын екі есеге арттырады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ АЛАҢЫ БАРШАҒА АШЫҚ

Барлық өңір бойынша «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдаулары өз жұмыстарын жалғастыруда.

Азаматтар партияға әртүрлі сұрақ пен мәселе бойынша келеді. Атап айтқанда, өткен аптада әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу, көпбалалы отбасыларға арналған жоғары оқу орындарына түсу квоталары, су құрылыстарының күрделі жөндеу мәселелері көтерілді. Мәселен, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щегловаға «Атырау. Кішкентай ел» қоғамдық бірлестік төрағасы Ерлан Күміскалиев жүгінді. Ол өз орталығын мемлекеттік тапсырыс аясында әртүрлі оңалту бағдарламаларын әзірлеуге қатыстыруды сұрады.

«Атырау облысының аумағында Қазақстандағы алғашқы әлеуметтік ауылды салдық. Біздің басты міндетіміз — жұлынның терең және кең зақымдануы бар балаларды оңалту. Әлеуметтік ауыл аумағында әртүрлі ауруларды емдеу үшін иппотерапия курстарын әзірлейміз», — деді ол.

Вице-министр иппотерапияның Қазақстанда да, әлемде де белгілі бір сұранысқа ие екеніне тоқталып, осы бағыт үшін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды бөлу мәселесін Денсаулық сақтау

министрлігінің немесе Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері қарауы қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар алдыңғы аптада Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов қоғамдық қабылдау өткізді. Азаматтарды қабылдау барысында Көкшетау қаласының тұрғыны Прохоров-Колоколов бөгетін қайта жөндеуді, сондай-ақ Бұланды ауданының «Иванковская» бөгетіне күрделі жөндеу жүргізуді жетелдетуді өтінді. Ал Целиноград ауданы Тастақ стансасының бір топ тұрғыны вице-министрден су құбырын салуға жәрдемдесуді сұрады. Өз кезегінде Семей қаласының тұрғыны Абай облысында «Қазсушар» РМК филиалын ашуды ұсынды. Ерболат Ибрайханов барлық айтылған мәселені жеке бақылауға алатынын айтты. Өткен аптада «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау алаңдарында бүкіл ел бойынша 1 мыңға жуық азамат қабылданып, 2 мыңдай өтініш түсті.

Дайындаған Берік БЕК

ҚАМКӨҢІЛ ЖАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫ ТАПТАЛМАСЫН

Елімізде бүгінде 725 мыңнан астам мүгедектігі бар адам бар. Олардың 58%-ы еңбекке қабілетті жаста болса, 26,9%-ы зейнеткерлер, ал 15,1%-ы — 18 жасқа дейінгі балалар. Ендеше осынау онсыз да тағдыр-талайы таукіметке толы жандардың құқын қаншалықты қорғай алып отырмыз? Осы сұрақтың жауабын бүгінгі ахуалдан іздеп көрген едік.

Нұрлан ҚОСАЙ

Әрине, Қазақстан мүмкіндігі шектеулі жандардың құқын қорғау мәселесінде дамушы елдер арасында көшілгері екенін атай кету керек. Елімізде Кеңес кезінен қалыптасқан әлеуметтік-гуманитарлық практика бар. Тәуелсіздік алған 30 жылда да бұл мәселе күн тәртібінен түскен емес, жыл санап жетілдіріліп келеді. Сонда да болса, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін әлеуметтік оқшау қалу, кемсітушілік, инфрақұрылымның қолжетімсізділігі, еңбек нарығындағы тең емес мүмкіндіктер, арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасының төмендігі және тағы да басқа мәселелер әлі де өзекті боп қалып отыр. Оларды шешу үшін мемлекет жүйелі шаралар кешенін дәйекті түрде қабылдауда.

Осы ретте ең бірінші кезекте, Қазақстанда «2025 жылға дейін мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Ұлттық жоспар» іске асырылуда екенін атай кету керек. Еліміз 2023 жылы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына Факультативтік хаттама ратификациялады. Әлеуметтік кодекс қабылданды. Оның шеңберінде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесі енгізілді. Олардың ішінде мемлекеттік көмек және жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түріндегі қолдау, әлеуметтік оңалту шеңберінде ағзаның жоғалған функцияларын өтеу, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, жұмысқа орналастыру сынды басты бағыттар бар. Сондай-ақ республикада мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамтамасыз етудің үш деңгейлі жүйесі қалыптасқан. Бірінші деңгей (базалық) — мемлекеттік бюджеттен мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы. Оның мөлшері мүгедектіктің тобына және себебіне, сондай-ақ тиісті

қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейіне байланысты болады. Күнкөріс деңгейінің өсуіне байланысты жәрдемақы мөлшері жыл сайын инфляция деңгейіне көтерілуге кепілдік беріледі.

«2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жәрдемақы мөлшері 7%-ға өсті. Мысалы, жалпы аурудан мүгедектігі бар адамдар үшін жәрдемақы мөлшері былтырғы жылмен салыстырғанда: бірінші топ үшін — 89,2 мың теңгеден 95,5 мың теңгеге дейін; екінші топ үшін — 71,4 мың теңгеден 76,4 мың теңгеге дейін; үшінші топ үшін — 48,7 мың теңгеден 52 мың теңгеге дейін өсті. Биылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жәрдемақы алушылардың саны 541,8 мың адамды құрайды, ал оның орташа мөлшері — 74 мың теңге. Бұл ретте соңғы 6 жылда мүгедектігі бойынша жәрдемақының орташа мөлшері 2,3 еседен астам өсті», — дейді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова.

Екінші деңгей — міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер. Олардың мөлшері қызметкердің табысына, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесіне және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне тікелей байланысты. Үкіметтің шешімдеріне сәйкес МӘСҚ-тен төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшері жыл сайын инфляция деңгейіне байланысты көтеріліп отырады. Мәселен, биыл ол 7%-ға артты. Осы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 93,7 мың адам еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді алды, олардың орташа мөлшері 57 мың теңгеден асады. Үшінші деңгей — егер еңбек ету қабілетінен айырылу еңбек мертігуімен немесе кәсіптік аурумен байланысты болса және зардап шеккен жұмыскердің пайдасына жазатайым оқиғалардан міндетті сак-



тандыру шарты жасалған жағдайда сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері. Қазір 871 ұйым мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. 2025 жылдан бастап арнаулы әлеуметтік қызметтерді жан басына қаржыландыру енгізілуде, бұл жеке бизнесті тартуға ықпал ететін болады. Бұл шара арнаулы қызмет көрсететін ұйымдардың желісін кеңейтуге және оларды шаңғайдағы ауылдық елді мекендерге жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы және өзге де атқарылып жатқан шаралар мүмкіндігі шектеулі жандардың құқын қорғау бағытында атқарылып жатқаны белгілі. Соның бір парасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі де айтып берген еді.

«Әлеуметтік кодексті іске асыру аясында «сыйымдылығы шағын үйлер» жобасы басталды. Оның мақсаты — тұрғылықты жері бойынша мүгедектігі бар балаларды күндізгі күтіммен және әлеуметтендірумен қамтамасыз ету, сондай-ақ ата-аналарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік беру. Қазақстанда мүгедектігі бар адамдар үшін 35 оңалту орталығы жұмыс істейді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін ересектер мен балаларға арналған тағы 12 оңалту орталығын салу жұмыстары жүргізілуде. Орталықтар Семей және Тараз қалаларында ашылған. Биыл Кентау және Ақтөбе қалаларында орталықтардың құрылысы аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар еліміздің алты өңірінде — Шығыс Қазақстан, Павлодар, Жетісу,

Жамбыл, Қостанай облыстары және Шымкент қаласында аутизм спектрі бұзылған және басқа да ментальдық бұзушылығы бар балаларға арналған күндізгі болу орталықтары ашылды», — дейді ол.

Елімізде бірнеше жылдан бері мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушілер мен жеткізушілерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін Әлеуметтік қызметтер порталы жұмыс істеп келеді. Портал оңалтудың жеке бағдарламаларын орындау көрсеткішін 93%-ға дейін арттыруға, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді ұсыну процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Есту және көру қабілеті нашар адамдар үшін Порталдың қолжетімді мобильді нұсқасы енгізілді. Одан бөлек, бірінші топтағы мүгедектігі бар 29 мыңнан астам адамға жеке көмекшілердің, 8 мыңнан астам мүгедектігі бар адамға ымдау тілі маманының қызметтері ұсынылып отыр. Республика бойынша 147 инватакси қызметі жұмыс істейді, олардың қызметтерін 25 мыңға жуық адам пайдаланады. Осынау санаттағы жандарды жұмысқа орналастыру мәселесі де күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі.

«Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Біріншісі, ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, жұмыс орындары санының 2-ден 4%-на дейінгі мөлшердегі жұмыс орындарын квоталау. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 8 мыңға жуық

мүгедектігі бар адам жұмысқа орналас-тырылды. 2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша 4 мың адам жұмысқа орналастырылды. Екіншісі, жұмыс берушілерге арнайы жұмыс орындарын жабдықтау бойынша жабдыктарды сатып алу, монтаждау және орнату шығындарын өтеу үшін субсидиялар беру. Осы тетік шеңберінде жұмысқа орналастырылған мүгедектігі бар адамдардың жалақысы үш жыл ішінде субсидияланады. 2018 жылдан бастап субсидиялау шеңберінде 600-ден астам жұмыс орны ұйымдастырылды. Үшіншісі, мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды, бос жұмыс орындарына және субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды көздейтін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту. Жыл басынан бері аталған шаралармен 11,6 мың мүгедектігі бар адам қамтылды, оның ішінде 8,3 мың адам жұмысқа орналастырылды, 1,8 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылды», — деді министр.

Бұдан басқа 2023 жылдан бастап халықтың әлеуметтік осал топтарына бизнесті дамытуға 400 АЕК-ке дейінгі мөлшерде гранттар беріліп келеді. Қазір 702 мүгедектігі бар адам осындай қолдауға ие болды. Қазақстанның барлық өңірінде мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді және кедегісіз орта құру бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде екен. Қолжетімділіктің интерактивті картасы сайтына енгізілген нысандарды бейімдеу бойынша 35 мыңнан астам басым нысандар анықталды. 2021-2022 жылдары 8 мыңнан астам нысан бейімделді. 2023 жылдан бастап 2027 жылға дейін жыл сайын кемінде 5 мың объект (5 жылда 27 мың) бейімделуге тиіс. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 2021-2022 жылдарды ескере отырып, 13 857 нысан бейімделді.

2023 жылғы 1 шілдеде Әлеуметтік кодекстің қабылдануына орай елімізде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру құзыретіне кіретін мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары институты енгізілді. Былтыр әлеуметтік инспектор барлығы 1 127 тексеру, 2024 жылдың басынан бері 1396 тексеру жүргізді. Өңірлердегі әлеуметтік инспекторлар мүгедектігі бар адамдардың заңды құқықтарын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бейімдеу іс-шараларын жүргізуде он динамиканы атап өткен жөн.

(Басы 1-бетте)

Наурызбек САРША

**ЖИ ӨНІМДЕРІ САНЫ
5 ЕСЕГЕ ӨСУГЕ ТИІС**

Премьер-Министр Олжас Бекте-новтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономиканың түрлі са-ласына жасанды интеллект техноло-гияларын енгізу үшін стратегиялық құжат қабылданды. Қазақстанда ЖИ дамыту және цифрлық ортаны құ-қықтық реттеу мәселелері бойынша Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндады. Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі тұжырымдама биылғы 7 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасы бойынша әзірленіп жатыр.

Бүгінде Қазақстанда 93 ақпараттық база қосылған Smart Data Ukimet-те мемлекеттік органдардың деректерін жинау бойынша шаралар кешені жүзеге асырылуда. Инфрақұрылымды дамыту шенберінде елімізде суперкомпьютерді орналастыру, деректерді өңдеу орталық-тарын салу, Ұлттық ЖИ платформасын құру және талшықты-оптикалық бай-ланысты дамыту көзделген.

Премьер-Министр жасанды ин-теллект құралдарын қолдану көптеген күнделікті міндетті автоматтандыруға мүмкіндік беретіні баса айтылды. Атап айтқанда, бірқатар өндірістік про-цестер, денсаулық сақтау саласындағы тәуекелдерді және төтенше жағдай болжамдарын есептеп, әртүрлі қауіптер мен кибербабуылдарды анықтай алады. Жасанды интеллектіні енгізуге арналған экономиканың басым сек-торлары айқындалды. Олардың қата-рында мемлекеттік басқару, мұнай-газ, тау-кен өндіру, энергетика, көлік, логистика, сумен жабдықтау және ауыл шаруашылығы салаларындағы табиғи монополия субъектілері бар.

«2029 жылға қарай жасанды интел-лектіні қолданып жасалған өнімдер саны 5 есеге өсуге тиіс. Осыған сәйкес, білім беру бағдарламаларының немесе жасанды интеллект бойынша пәндердің үлесі артуы керек. Бізге осы саладағы білікті мамандар қажет. Бұл ретте отандық компаниялардың мүмкін-діктері мен қажеттіліктерін барынша ескеру маңызды, бұл тұтастай эконо-микаға мультипликативтік әсер бере-ді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы Цифрлық даму министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, тұжырымдамадағы іс-шараларды жү-зеге асыруға кірісуді тапсырды. Супер-компьютердің есептеу қуатын пай-далану оны бизнес пен ғылыми ортада пайдалану мүмкіндігін қарастыру өте маңызды. Осыған байланысты Қаржы министрлігінің алдына ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын жалға алу рәсімін жеңіл-дету міндеті қойылды.


Ғылым министрлігіне жыл соңына дейін KazLLM үшін деректер жинауды аяқтау тапсырылды — бірінші үлкен тілдік модельді сынақтан өткізу ІІІ тоқсанда жүргізілуге тиіс.

Олжас Бектенов National Center for AI базасында «жастарды тарту, адам капиталын дамыту және жасанды интеллект мәдениетін ілгерілету жө-ніндегі экожүйегі» қалыптастыру қа-жетін атап өтті.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев болса «2024–2029 жасанды ин-теллектті дамыту тұжырымдамасымен» елде жасанды интеллект экожүйесін құруды мақсат етіп отырғандарын мә-лімдеді. Мәдиев тұжырымдаманың деректер, инфрақұрылым, адами ка-питал, ғылыми зерттеулер, реттеуші орта және жеделдету бағдарламалары сияқты 6 негізгі саладан тұратынын атап «Біз елде 5 миллион адамды жа-санды интеллект дағдыларына үйретуді, 500 мың сала сарапшысын оқытуды және 2029 жылға қарай ІТ экспортын 5 миллиард долларға жеткізуді мақсат етіп отырмыз», — деді.

Ал Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министр-лігінің Жасанды интеллект және ин-новациялар комитетінің төрағасы Ғиззат Байтұрсынов мемлекет саясатын үйлестіру және жасанды интеллектіні дамытуға қолдау көрсетуді тиімді жүзеге асыру үшін ЦДИАӨМ жанынан Жа-санды интеллект және инновациялар комитеті құрылғанын атап өтті.

«Комитеттің негізгі міндеттері — есептеу қуаттары бар инфрақұрылымды құру, қазақ тілі моделі KazLLM құру, жасанды интеллектті қауіпсіз, жауапты және этикалық пайдалануға жағдай жасау, жасанды интеллектті салаларға енгізу, сондай-ақ адами капиталды дамыту. Жалпы, комитеттің қызметі цифрлық технологияларды дамытуға, түрлі цифрлық жобаны интеграция-



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИГЕ — ЖАҢА САЯСАТ

лауға, цифрлық трансформацияға және цифрлық шешімдерді дамытуға бағыт-талады», — деді Ғиззат Байтұрсынов.

Цифрлық даму министрлігіне Ғы-лым, Оқу-ағарту, Еңбек министрлік-терімен бірлесіп білім алушы маман-дардың, өңірлік құзырет орталықтары мен бағдарламалау мектептерінің санын жыл сайын арттыру мақсатында бағдар-ламаны қалыптастыру міндеті бекітілді.

Сонымен қатар Олжас Бектенов Әді-лет министрлігіне жасанды интеллектті қолдану саласын реттеу үшін заңнамалық базаны жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейтуді тапсырды.

**ЖИ МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТЫЛАДЫ**

Мемлекет басшысы Жолдауында: «Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тын серпін береміз. Жетекші халық-аралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даяр-лауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жо-ғары оқу орны жасанды интеллект сала-сына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек» деп тапсырма берген еді. Ал Премьер-Министр Олжас Бектенов әлемде жа-санды интеллектті қолдану 2030 жылға қарай 70 пайызға қосымша эконо-микалық әсер тудыруы мүмкін екенін және жасанды интеллектінің арқасында көптеген күнделікті жұмыс автоматтан-дырылатынын атап өтті. «Осыған сәйкес, білім беру бағдарламаларының немесе жасанды интеллект бойынша пәндердің үлесі артуы керек. Бізге осы саладағы білікті мамандар қажет. Бұл ретте отан-дық компаниялардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін барынша ескеру маңыз-ды, бұл тұтастай экономикаға мульти-пликативтік әсер береді», — деді ол. Со-нымен қатар ол бұған дейін Президент стратегиялық құжат әзірлеуді тапсырға-нын, заң жобасы қазір Мәжілісте жатқа-нын, ал саланы дамыту үшін білікті ма-мандар қажеттігін атап өтті.

«Жасанды интеллектіні дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырым-дамасында да» сала бойынша озық ма-мандарды даярлауға жоспар жасалған. Соған сәйкес еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында машиналық оқыту, data science, кибернетика, жасанды интеллект, роботтехника сияқты білім беру бағдар-ламасын енгізу көзделген. Бұған қоса машиналық оқыту және жасанды ин-теллект мамандарының қауымдастығы құрылады. Мектептерде де оқу бағдарла-масына жасанды интеллект модульдері енгізілуге тиіс.

Елімізде оқытушылардың қаты-суынсыз, реер-to-реер әдіснамасына не-гізделген практикалық оқытуды ұсы-натын бағдарламалау мектептерін іске қосу жоспарланып отыр. Бұл студент-тердің өзара әрекеттесуіне және зерттеу-теріне ықпал етеді.

Сондай-ақ зерттеу орталықтарын құру үшін халықаралық компаниялармен және институттармен (оның ішінде Berkeley) ынтымақтастық орнатылмақ. Бұл жасанды интеллект саласындағы ғылымдарға озық әріптестермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, жасанды интеллект бой-ынша сертификат беретін оқыту курсың әзірлеу және ол ашық әрі қолжетімді болады. Ал 2029 жылға қарай 80 мың адам жасанды интеллект бойынша білім алуы қажет. Сонымен қатар тұжырымдамада

адами капиталдың өсуі үшін бірқатар білім беру және акселерациялық бағ-дарламаларды іске асыру жоспарланған. Қазір 17 жоғары оқу орны ЖИ бойынша 15 бағытты енгізді. Осы мамандықтар бойынша пәндерді 2 196 студент оқиды.

Сондай-ақ адами капиталды дамыту аясында жасанды интеллект экожүйесін дамыту үшін кешенді инновациялық инфрақұрылым әзірленуде. Ел бойынша peer-to-peer әдістемесімен, яғни оқыту-шылардың қатысуынсыз жобаларды жүзеге асыру арқылы практикалық оқы-туға негізделген бағдарламалау мек-тептерін іске қосу жоспарлануда. Бұл студенттердің өзара әрекеттесуіне және зерттеу тәсіліне ықпал етеді.

Халықаралық компаниялармен және институттармен ынтымақтаса отырып, елде зерттеу орталықтарын құру жасанды интеллект саласындағы ғылымдарға озық серіктестермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Үкімет жасанды интеллект бойынша білім беретін ЖОО үлесін 2025 жылы 20%-дан 2029 жылы 60%-ға дейін арттыруды көздеп отыр. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев «Жалпы, азаматтар өмірінің әртүрлі салаларында жасанды интеллект тарату бағдарламасы пысықталып жатыр. Жыл сайын 10 мың талант, 1 мың жа-санды интеллект маманы, 100 жасанды интеллект стартап және 10 ғылыми жоба дайындау жоспарланып отыр. Нысаналы индикатор — жасанды интеллект саласын оқытатын жоғары оқу орындарының үлесін 2025 жылғы 20%-дан 2029 жылы 60%-ға дейін арттыру», — деген болатын.

Ғылым және жоғары білім министр-лігінің мәліметінше, елімізде жасанды интеллект саласындағы қандай да бір зерттеулермен немесе әзірлемелермен айналысатын 24 жоғары оқу орындары мен ғылыми орталық бар. Соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уни-верситеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, К.Сәтбаев атында-дағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті қазақ тілі корпусын әзірлеу бойынша жұмыс атқарып жатыр. Ал Астана халықаралық университеті табиғи тілді өңдеу, қазақ тіліндегі білімді семан-тикалық өңдеуді, Ә.Бөкейхан универси-теті Abai IT Valley технологиялық кластері жасанды интеллект элементтері бар сайтты әзірлеуді, Nazarbayev University ақылды жүйелер және жасанды интеллект институты қазақ тілін қолдануға қатысты 4 жобаны іске асыруды қолға алған. Бүгінде еліміздегі 4 жоғары оқу орны ғана, атап айтқанда, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, К.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Назарбаев университеті деректерді өңдеуге және терен зерттеу алгоритмдерін оқытуға арналған тиісті жабдықтармен кам-тылған. Бүгінде 17 жоғары оқу орны жасанды интеллект, медициналық жа-санды интеллект сияқты бағытты қоса алғанда, ЖИ бойынша 15 жана білім беру бағдарламасын енгізді. Қорқыт ата атын-дағы Қызылорда университетінде Сеул ұлттық ғылым және технологиялар уни-верситетінің ЖИ және информатика мектебі ашылды, ал К.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да City University of Hong Kong филиалы құрылды. Қыркүйек айында Д. Серікбаев атындағы ШКТУ-да ЖИ

бойынша халықаралық зерттеу орта-лығын ашу жоспарлануда. Astana IT University «бизнеске ЖИ» бағдарламасын әзірлеу үшін University of Genoa-мен ке-лісімге қол қоюды жоспарлап отыр, ал М.Ломоносов атындағы ММУ 2024/2025 оқу жылында енгізілетін «ЖИ есептеу технологиялары мен әдістері» бағдар-ламасын әзірлеуде.

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТЕГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Тұжырымдамадағы маңызды бағыт-тардың бірі — нейрондық желілерге не-гізделген ұлттық тіл моделін әзірлеп, енгізу. «Ұлттық тіл моделін іске асыру жасанды интеллект бойынша түрлі жобада қазақ тілін қолдануға мүмкіндік береді, осылайша шетелдік сервистерге тәуелділікті азайтады. Сонымен қоса, аталған бағыт бойынша отандық са-раптама жасауға мүмкіндік береді, цифр-лық ортада өз мәдениеті мен құнды-лықтарын сақтауға ықпал етіп, бір тілдік топқа кіретін тілдік модельді дамытуға серпін береді», — делінген жарияланған құжат жобасында.

Сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігі мәдени және тілдік мұраны дамыту үшін заманауи үлкен тіл моделін (LLM) құру бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Бүгінде бірнеше білім беру ұйы-мынан — Ақпараттық және есептеу техно-логиялары институтынан, Сәтбаев университетінен, Назарбаев универ-ситетінен, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО, А.Байтұрсынов атын-дағы Тіл білімі институтынан және ҚазҰУ-дан консорциум құрылды. Ма-мандар шамамен 6 млрд сөз қолданысын жинады, жиынтықты шешімдер арқылы суперкомпьютерді қолдана отырып, LLM моделі үйретіліп жатыр.

Осы ретте біз А.Байтұрсынұлы атын-дағы Тіл білімін институты, Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д. Айман Жанабековадан пікір алуды жөн деп таптық. Ол А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институт заман сұранысына жауап беретін қолданбалы бағыттағы жобалар бойынша қызу жұмыс істеп жатқанын айтты.

«Бүгінгі жаһандану үдерісі азаматтық қоғамның барлық саласында өркеннеттің даму деңгейін көрсететін бір көрсеткіш болып отыр. Бұл кезең, әсіресе адам еңбегін автоматтандырумен тығыз бай-ланысты. Қоғамдық қызметтің барлық саласында бұрынғы қол жұмысы арқылы орындалатын қызметтер қазір роботтарға жүктеліп, адам еңбегі әлдеқайда жеңіл-детілді. Ал бұндай роботтарды іске қо-судың түрлі жолы бар, бірі алгоритм ар-қылы жұмыс істесе, енді бірі көлемді материалдарды оқу арқылы жұмыс

істейді. Жасанды интеллект де-геніміз — оқу арқылы білік-дағдыға ие болатын автоматты бағдарлама. Жасанды интеллект тек қоғамның жаратылыстану саласында ғана емес, гуманитар-лық салаларын да автомат-тандыруға мүмкіндігі бар. Ай-талық, ол көлемді мәтіндерді оқу арқылы тілдік заңдылықтарды өз бетінше үйрене алады. Дұрыс құрылған сөйлемдер, дұрыс жет-кізілген ойдың көлемді жиын-тығы — жасанды интеллектіні оқытудың тілтанымдық базасы болады. Осы ретте А. Байтұрсын-ұлы атындағы Тіл білімі ин-ституты Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау ісін біраз уа-қыттан бері қолға алып, бүгінгі күнде оның мәтіндік базасының көлемін 40 миллион сөзқол-даныстан асырды. Қазір де корпус базасына салуға дайындалып, өңделіп жатқан қыруар мәтіндік қор бар. Қазақ тілінің ұлттық корпусы тек мәтіндік қор ғана емес, лингвистикалық бі-

лімдермен қамтамасыз етілген ақылды жүйе. Бұл лингвистикалық база келешек жасанды интеллектіні оқытуға өз үлесін қосатыны даусыз. Семантикалық, морфологиялық, фонетикалық тағы басқа білімдер мәтіннің формальды-жүйелік құ-рылымын ғана емес, тақырыптық-семантикалық мазмұнын автоматты танудың кілті болмақ», — дейді фило-логия ғылымдарының докторы.

Сонымен қатар кейіпкеріміз жа-санды интеллектті оқыту тілдік мате-риалдарды алгоритмдеу, автоматты тану сияқты істер арқылы жүзеге асатынын айтады. «Институт осы ретте «Мәтінді автоматты тану» та-қырыбы бойынша нысаналы қаржы-ландыру аясында біршама жұмыс атқарды. Сурет мәтіндерді анықтау үшін (CNN моделі) компьютерлік есептеу құралдарында виртуалды нейрондық байланыстар құру арқы-лы бейнелерді катпар-катпарға бөлу негізінде талдай алатын жасанды нейрон жүйелерінің моделін (бағдар-ламасын) жасады. Бұл фотоперітерді тануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қазақ тіліндегі электронды кітап-тарды конвертациялайтын ридер-конвертор әзірленді. Мәтін ішіндегі сөздерге түсіндірме беретін элек-тронды сөздіктер жасалып, олар Ридер-конверторға байланды. Мұн-дай тілтанымдық база келешекте Жасанды интеллектіні оқытуды жеңілдету үшін аса қажет интел-лектуалды ресурстар болып та-былады.

Мәтін ішінде кездесетін барлық тілдік бірліктерді автомат тану үшін Тіл білімі институтында қорланған тілтанымдық база жасанды интел-лект жұмысына бейімделіп, ХЛ-файлдарға түсірілді. Мәтін ішінде кездесетін қателерді автоматты тану үшін Орфограммалар сөздігі жа-салды. Мәтін ішінде кездесетін жал-қы есімдерді тану үшін Онимдер базасы (кісі есімі, жер-су атаулары тағы басқа) дайындалды. Мәтін ішінде кездесетін кел келген сөз ма-ғынасын түсіндіретін Семантикалық анализатор, кез келген дыбысты талдайтын және бұныға автоматты түрде бөлетін Фонетикалық ана-лизатор әзірленді. Мәтін жазу кезінде жазушының сөздік қорын түрлендіруге көмекші құрал болатын Синонимайзер іске қосылды. Бұдан басқа да әлі іске қосылмаған линг-вистикалық ресурстар дайындалып жатыр», — дейді Айман Жанабекова. Қорыта келгенде, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қазір заман сұранысына жауап беретін қолданбалы бағыттағы жобалар бойынша қызу жұмыс істеп жатыр. Бұл істі қазір институт басшысы Анар Фазылжан тікелей өзі басқарып отыр.

ТҮЙІН:

Ғалам жасанды интеллектіні толық пайдалануға, ашуға барын салып жатыр. Кейбір бағалаулар бойынша, 2030 жылға қарай бұл сала әлемдік ІЖӨ-нің 7 пайызын қамтамасыз етпек. Ал 2027 жылға таман жаһандық жасанды интеллект нарығын капиталдандыру 400 миллиард доллардан асады. Бұл ретте барлық мемлекет ғылымның жаңа саласын барынша игеруге толық жігерін салуға даяр. Осы қарыста біздің еліміз де көш соңында қалмақ деп үміттенеміз. Қабылданған тұжырымдама соның алғышарты болар деп сенеміз.

АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ АЛҒА БАСУДА

Берік БЕК

(Басы 1-бетте)

Қазақта «Не ексең, соны орасын» дейтін қанатты сөз бар. Әрине, бұл сөздің астарын ақтара отырып, ешқашан көнермейтініне көзін жетеді. Шынымен де, бүгінде аграрлық сала өте күрделі әрі ерекше дәлдікті қажет ететін ғылымға айналып барады. Сәл қиыс кетсең болды, салған тұқымын аламға азық болудан қалады. Тіпті, тіршілік етушілерге түгел кесірі тиіп кетуі де ғажап емес. Сондықтан әлем ғалымдары аграрлық секторға түбегейлі ғылым мен инновация қажет екенін айтып отыр. Бұл бағытта ғалымдар Президент бастамасын қолдап, талай тың әрі серпінді жобаларға жұмылып жатыр. Оң нәтиже де жоқ емес.

ҒЫЛЫМСЫЗ САЛА ҚҰРДЫМҒА КЕТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауында да агроғылымды дамыту жөнінде бірқатар тапсырма беріп, жобаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыруды тапсырып келеді. Бір қуанатыны, талай тоқырап қалған істің бойына қан жүгірген.

Мемлекет басшысы көптің көкейінде жүрген ауыл шаруашылығы саласы ғылымның көмегінсіз дами алмайтынын былтырғы жылғы Жолдауында нақты мысалдармен көрсетіп берді.

«Қазіргі ауыл шаруашылығы — жоғары технологиялы сала. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрлымға кетеді. Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында ең жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет», — деді Мемлекет басшысы.

Рас, бүгінде салаға жана технологияларды тиісінше енгізе отырып мамандардың біліктілігін арттырған абзал. Қазір Ауыл шаруашылығы министрлігі шетелдің танымал агроғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнатуды қолға алған.

Ауыл шаруашылығы саласын өркендетуде техниканың алатын орны ерекше. Егін де, мал шаруашылығы да техника күшімен атқарылады. Президент машина-трактор паркінің өбден ескіріп, тозуы күрделі мәселеге айналғанын қатты сынаған болатын. Бұл тақырып осы кезге дейін ашық қозғалып, еш жерде талқыланбай келген болатын. Өз Жолдауында Мемлекет басшысы мәселені тікесінен қойып, оны нақты шешу жолдарын айқындаған. Айталық, 2024 жылы казынадан саланы дамытуға 580 млрд теңге бөлінген. Бұл сома өткен жылдармен салыстырғанда 400 млрд теңгеге көп. Сала министрі Айдарбек Сапаров бұл апараты Ақмола облысында өткен ауыл шаруашылығын көрмесі кезінде мәлімдеді. Қазынадан шығарылған қыруар қаржының басым бөлігі кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие түрінде берілетін көрінеді. Одан қалғаны



түгел дерлік ғылыми бағытты дамытуға жұмсалмақ. Осылайша, саланы алдағы 5 жылда екі есе дамытамыз деді министр. Қазіргі таңда малды асылдандыру бағытында біршама тың серпіліс байқалып отыр. Әсіресе, ірі қара мен жылқы түлігін асылдандырып, ғылыми қолдау көргісі келетіндердің елімізде саны артқан. Мысалы, былтыр елімізде асылтұқымды мал өсіруге деп Ауыл шаруашылығы министрлігі қосымша 30 млрд теңге бөлген. Қатарда Абай, Жетісу, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары енгізілген.

ҒАЛЫМ МЕН ШАРУА ТІЗЕ ҚОСЫП ІСКЕ КІРСЕ ІГІ

Ауыл шаруашылығын түлету үшін ұрандаған жиналыстар мен сөзі көп отырыстардың қажеті шамалы. Оның орнына нақты іс қажет. Саланы ғылым тұрғыдан дамыту үшін әр өңірден бір-бір ғылыми-зерттеу университеттері мен институттардың филиалдарын ашып, жергілікті шаруалар мен ғылыми қызметкерлердің тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу маңызды. Сонда салада ілгерілеу болмақ. Бұл туралы Президент жанындағы Ұлттық ғылыми академиясы президенті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің басқарма төрағасы Ақылбек Күрішбаев айтып отыр.

«Ауыл шаруашылығына біз ғылымды жүйелі түрде енгізуіміз қажет. Біздегі кейбір өңірлерде су үнемдеу тетігі жоқ екен. Кеңес дәуірінде бетонды арықтар қолданыста болды. Артық тамшы далаға кетпейтін. Тәуелсіздікке қол жеткіздік деп атойлап жүргенде сол тас арықтарды қиратып, су үнемдеуге негізделген жүйенің көзін құрттық. Қазір суармалы егістіктегі арық желілерінде судың 50 пайызы далаға кетеді. Нәтижесінде, су төңірегінде аландаушылық басым. Екінші, сапалы тұқым жоқ. Тұқымды жоқ дей алмаймыз, бар. Бірақ ғылыми институттар, ондағы ғалымдар даярлаған тұқымдар кен қолданысқа еңбей қалып жатады. Өзіміздің ғалымдар жасап шыққан жана әрі өнімді

дақылдарды жаппай өсіруді қолға алсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Үшіншісі — сапалы тыңайтқыштың болмауы. Қанша жылдан бері тыңайтқыштың бірер түріне иек артып алғанбыз, оның өзі сырттан келеді. Біз өз ғалымдарымыз жасап шыққан тыңайтқышты пайдалануымыз қажет. Ғалымдарымызды қолдауымыз керек», — дейді Ақылбек Күрішбаев.

Тұқым саласы бойынша еңбек етіп жатқан жас ғалым, Селекциялық жұмыстар зертханасының меңгерушісі Елжас Қайыржанов ғалымдардың әлеуеті зор екенін айтады. Оның сөзінше, жұмысқа білікті ғалымдардың бірнеше тобы араласады. Қандай да бір сортты толыққанды қалыпқа келтіру үшін кем дегенде 12-15 жыл уақыт қажет болады екен. Ал мұндай дәлелдемесіз кез келген сорттық тарихнамасына қарап-ақ бағамдауға болады. Айталық, сала бойынша еңбек етіп жүрген ғалымның тұжырымдамасына халықаралық деңгейде 35 жылға арналған патент беріледі. Міне, бұл құжат қолына тиген ғалымның 35 жыл бойына ғылыми жетістігі өзекті болады деген сөз. Сондықтан, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген ғалымдарымыздың жұмысын жоғары бағалап, оны мемлекеттік тұрғыдан қолдау аса маңызды. Айта кету керек, А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында Елжас Қайыржановтың бас болуымен жаздық жұмсақ бидайдың «Таймас» атты жана сорты шығарылып бүгінде жаппай қолданысқа берілуде. Селекциялық жұмыстар Шортанды ауданының Научный ауылында жүргізілген.

Қазір әлемде ең үлкен әрі маңызы жағына күрделі ғылыми жиындар мен көрмелер осы ауыл шаруашылығы саласы бойынша өткізілуде. Оған дәлел ретінде жуырда ғана Ақмола облысының аумағында өткен «JańaDala / Green Day-2024» халықаралық көрмесін айтсақ болады. Көрмеге Қазақстанның және алыс-жақын шетелдің 200-ден астам компаниясының өкілдері жиналды. Сондай-ақ 5 мыңнан аса агроөнеркәсіп саласының мамандары мен ғалымдары да келген. Шараға қарапайым шаруалар мен дикандар да қатысты. Бір

сөзбен айтқанда, еркін пікір алмасу алаңы ұйымдастырылған. Іс-шара аясында 500-ден астам түрлі ауыл шаруашылығы техникасының жана түрлері таныстырылды. Міне, ғылым мен өндірістің кірігуі, бірігуі осындай келелі істе жүйеленбек. Дала жағдайындағы көрменің кабинеттегі жиыннан айырмасы сол, ғалым мен маман түгел тоқайласып, пікірлесе алады. Ал мұндай ауқымды іске мемлекет зор қолдау көрсетіп отырғанын ескерген абзал.

Жер емген шаруа еңбегі жанып, табан ет, маңдай терімен еккен егіні бітік шығуы үшін ғылыми жаңалықтарға құлақ түргені асыл. Қазір әр адам еткен еңбегінің өтеуі қалай боларын алдымен есептейтіні сөзсіз. Сондықтан ғалымдардың зертханаларда көз майын тауысып, жылдар бойғы ізденісінің арқасында жеткен жетістіктерін шаруаларға ұсынуы, ауыл шаруашылығына тың серпін берері анық. Ауыл еңбеккерлеріне сол өңірдің топырағына жерсіндірілген, ауа райына бейімделген, мол өнім беретін тұқымдықтарын күмәнсіз сатып алуы қажет. Тұқымды егіп, оны суғару, баптау, жерді қосытып, тыңайтқыштарды дәл мезгілінде сеуіп отыру тәжірибесі ғылыми жолмен анықталып, шаруашылықтарда сыналғаннан кейін ғана өндіріске жіберіледі. Сол өңірдің топырағына, жер қыртысына, суғару технологиясы мен жауын-шашын мөлшеріне есептеліп жасалынған сорттардың өнімділігі әлдеқайда жоғары болатынын ғалымдар үнемі насихаттап келеді. Ал осындай қыруар еңбекпен келген ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізіп, оның барлық тәртібін сақтай отырып жасауды, маман кеңесінсіз жасау мүмкін емес.

СЕРПІНДІ ЖҰМЫС ОҢ ӨЗГЕРІСКЕ БАСТАЙДЫ

Мемлекет басшысы да нақты талаптарды қойып, ауыл шаруашылығы саласына оң өзгеріс жасау керегін үнемі айтып келеді. Әрине, ғылыми әлеуетке де молынан көңіл бөлініп жатқаны турасында жоғарыда айттық. Ғалымдар да білек сыбанып іске кірісуде. Одан бөлек, өңірлердегі ғылыми зерттеу институттарына ерекше

Әлемде туризм саласы ерекше қарқынмен дамып келе жатыр. Әсіресе, экологиялық туризм аталмыш индустрияның ең қарқынды секторы болып отыр. Экотуризм дүниежүзілік саяхаттың 25%-ына тиесілі болса, оның үлес салмағы жыл сайын 20%-ға артып келеді.

Бердібек ҚАБАЙ

Таза және бүлінбеген табиғи объектілері көп еліміз — экотуризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие ел. Этномәдени туризммен үйлескен қызықты табиғи ландшафттар, бірегей экологиялық соқпақтар тіпті ең талғампаз туристерді де бейжай қалдырмайтыны белгілі.

Қазақстанның Экология және табиғи ресурстар министрлігі деректеріне сәйкес, елдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының (ЕҚТА) жалпы ауданы 26 млн гектарды құрайды екен. Бұл дегеніміз — шамамен 0,26 млн шақырым² аумақ. Мұндай үлкен көлемдегі жер алқабы экотуризмді жақсы дамыған бірқатар елге қарағанда он есеге көп. Осындай ерекшелігіміз бар біздің елге деген әлем халқы саяхатшыларының қызығушылығы жылдан-жылға артып келеді. Айтар болсақ, жылына орта есеппен 1,5 млн-нан астам адам шеттен келіп біздің табиғи ортамызда демалып, көрікті жерлерді аралайды.

Туризмді дамыту мақсатында Үкімет 2022 жылғы 1 қантардан бастап туризм саласындағы кәсіпкерлік субъектілер үшін мемлекеттік қолдаудың жеті шарасы енгізді. Мұнда: 1. Туроператорлардың келу туризміне арналған шығындарын субсидиялау; 2. Көмелетке толмаған жолашушылардың әуебилеттері құнын субсидиялау (Kids Go Free); 3. Тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техниканы сатып алу шығындарының бір бөлігін өтеу; 4. Жол бойындағы қызмет объектілерін салуға арналған шығындарды өтеу; 5. Санитарлық-гигиеналық тораптарды (СГТ) күтіп-ұстауға арналған субсидия; 6. Туристік қызмет объектілерін салуға және реконструкциялауға арналған шығындар-

ЭКОТУРИЗМ – ел игілігі



дың бір бөлігін өтеу; 7. Туристік қызмет үшін автокөлік сатып алуға арналған шығындардың бір бөлігін өтеу енгізіліп отыр. Соңғы 7-бағыт бойынша айтсақ, жүргізушінің орнын қоспағанда, сыйымдылығы сегіз орыннан асатын автокөлік құралдары құнының 25%-ы мемлекет тарапынан өтеледі. Бұл кәсіп ашып туризмді дамытамын деген жанға үлкен мүмкіндік болып тұр.

Аталмыш шаралар елімізде туризмді дамытуды ынталандыруға, инфрақұрылымды жақсартуға, шетелдік және жергілікті туристер үшін елдің тартымдылығын арттыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы осы жылдың маусым айы ортасында туризмді дамыту жөнінде кеңес өткізген болатын. Онда ең алдымен, туризм әлемдік экономиканың қарқынды дамуына ықпал етіп отырған әрі инвесторлар үшін ерекше қажет сала екенін атап өтті.

— Шетелдік туристердің 90 пайызына жуығы көршілес ТМД елдеріне тиесілі. Алыс шетелден келетін туристер әзірге аз. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, саяхатшылардың 70 пайыздан астамы ұшақпен 4 сағат айналасында жететін демалыс орындарына барғанды жөн көреді. Демек, Қытай, Үндістан, Шығыс Азия, Таяу

Шығыс елдерінен келетін туристер үшін Қазақстан өте тартымды болуы мүмкін. Бұл ретте шетелдік туристердің ұлттық менталитетімен, олардың мүддесімен және сұраныстарымен санасып, өзіндік ерекшеліктерін ескерген жөн. Бүкіл туристке бір бағдарлама ұсынуға болмайды. Ол үшін жоғары білікті мамандар керек және сапалы жұмыс істеу қажет. Алдағы бес жылда елімізге келетін туристер санын екі есе, тіпті үш есе арттыруға мүмкіндігіміз бар. Әуетасымалы саласын дамыту қажет. Ең алдымен, танымал әуебағыттарындағы лоукостерлердің санын көбейту абзал, — деген Мемлекет басшысы саланы қолдауға да бейжай қарамайтынын жеткізген. Одан бөлек, Президент салаға қатысты біршама тапсырма беріп, мемлекет тарапынан қолдаудың зор мүмкіндіктері болып жатқанын атап өткен.

Жыл санап елімізге шетелдерден келетін саяхатшылар саны артуда. Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, 2022 жылы елімізге келген туристер саны күрт өсе бастаған. Былтыр 9 миллионнан астам саяхатшының қозғалыс динамикасы байқалған. Ал оның шетелдіктерге шаққандағы үлес салмағы 1,4 миллионға жуықтаған. Шыны керек, шетелдік қонақтарды Қазақстандағы тұмса табиғат ерекше қызықтырады. Мәселен, жаз басталғалы елімізге келген шетелдіктер саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда 3 есе артқан.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевтың Үкіметке берген есебінде өткен жылдың қорытындысы бойынша туристік сала пандемиядан кейін толық қалпына келіп қана қоймай, саланың

мән беріліп Сала бойынша маман даярлап жатқан ЖОО-ларға да назар аударылуда. Ендігі жерде ауыл шаруашылығы саласы бойынша білім алғысы келетін жастарға бар жағдай жасалып, оқуға түсудің шекті балы да едәуір төмендетілген. Ал ғылыммен айналысамын дегендерге жол ашық. Ғылыммен айналысу демекші, осы көктемде Солтүстік Қазақстанда 8 мың бас қара малға шакталған Орталық Азиядағы ең үлкен сүт кешенінің құрылысы басталған болатын. Жаңадан салынып жатқан нысанның құны 9 млрд теңгені құрап отыр. Жоспар бойынша нысан 2025 жылдың қараша айында пайдалануға берілмек. Кешен толық қолданысқа берілген шақта ғылыми әлеуеті жоғары соны технологияларды барынша шоғырландырған ерекше нысан болары сөзсіз. Осы тұста біз кез келген шаруа қожалықтары өзінің жұмысына ғылыми негіз беріп, ғалымдардың кеңесіне молынан құлақ түргені абзал деп айтқымыз келеді. «Ауыл шаруашылығына ғылым келмесе, ғылыми қолдау болмаса, ол ешқашан өрге өзбайды», — дейді ауыл шаруашылығы саласының абызы, ғалым Мехлис Сүлейменов.

Рас. Ғалым дамып, инновациялардың техникалық-технологиялық және өндірістік модель мен бағдарлау бүгінде кең тарала бастады. Бір қуанатыны, біздің елдегі шаруашылықтардың басым көпшілігі жаңашылдыққа бейім. Цифрландыру және өндіріс технологиясының жаңа элементтері өсімдік, мал шаруашылығында, өнімді қайта өңдеу және тағы басқа бағыттарда кеңінен қолданылуда. Қазақстанда ауыл шаруашылығын автоматтандыру мен шифрлық жүйеге көшудің ерекше моделі қалыптаса бастады десек, артық айтпаймыз. Мысалы, АӨК-де ауыл шаруашылығы алқаптарының жай-күйін және пайдаланылуын бақылау үшін пилотсыз ұшу аппараттары ерекше сұранысқа ие. Бұл аппараттар еліміздің көптеген ауданында, әсіресе солтүстік өңірде, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлердің карталарын уақытылы жасауға және NDVI вегетациялық индексін талдауға, егістіктердің арам шөбіне мониторинг жүргізуге, топырақтың біртектілігіне және аурулардың дамуын алдын алатын талдау жүргізуге, егістікке бақылау жасауға және картаға түсіруде оң нәтиже көрсетіп отыр. Одан бөлек, етті мал шаруашылығында жайылымдарды және қоршауларды чиптеу кеңінен қолданылуда. Бүгінде «электронды бақташы» жүйесі сәтті жүргізіліп жатыр деуге болады. Сонымен қатар қыста жылтылатын автоматты астаулар, электронды таразылар және т. б. жүйелерді енгізген шаруашылықтардың жетістігі мол.

Тізе берсең, мұндай мүмкіндікті пайдалана бастағандар ғылыми үрдіске ерте ергендердің қатары күн санап өскен. Қуанатынымыз, бізде жаңашылдықты игеру өзге елдермен салыстырғанда едәуір қарқынды жүргізілуде. Енді осы жетістікті тек дұрыс мақсатта пайдаланып, ауыл шаруашылығы саласын одан әрі қарыштау заман талабы екенін жіті түсінуді болмақ. Мемлекет басшысы мен Үкіметінің де алға қойып отырған мақсаты сол.

негізгі көрсеткіштері бойынша тарихи ең жоғары деңгейге жеткені айтылады. Ел ішіндегі саяхатшылар да едәуір көп. Бұл көрсеткіш 2022 жылдан 1 млн адамға артық екен. Ал орналастыру орындары былтыр 229 (екі жүз жиырма тоғыз) млрд теңгеден астам сомаға қызмет көрсетіп, 2022 жылғы көрсеткіштен 1,3 есеге артқан.

Осылайша, туризм саласынан бюджетке түсетін салық түсімдері 450 млрд теңгені құраған. Жоғарыда аталған динамика сала дамуының оң үрдістерін айғақтап отыр. 2023 жылы негізгі капиталға инвестициялар бойынша жоғарғы көрсеткішке жеткен.

Экотуризмге сұраныстың артуын ескерген министрлік еліміздегі ұлттық саябақтарға барудың біршама алғышартын жасаған. Оның қатарында жол мен сервис те бар. Мысалы, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша ұлттық саябақтарға 2,4 миллионнан астам адам келген. Бүгінде Қазақстан бойынша 16 визит-орталық жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 7-еуі ұлттық парктар аумағында орналасқан. Атап айтар болсақ, Алтын-Емел, Шарын және Іле-Алатауы ұлттық парктері жалпы құны 3 млрд теңгеге жуық 3 жана визит-орталықпен толықтырылып отырған көрінеді.

Қазір экотуризмді дамытудың әртүрлі мәселесіне көңіл бөлініп жатыр. Экотуризмді дамыту табиғаттың аса маңызды нысандарын сақтау үшін, табиғатқа залал тигізбеу, әртүрлі туристік жолдарды, арнайы маршруттарды құру үшін аса қажет. Экотуризм — экологиялық мәдениет. Экотуризм — елімізде ең танымал бағыттардың бірі. Әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартатын сұлу табиғаты, көрікті мекендер бізге жеткілікті. Атап айтқанда, Алтын-Емел, Іле-Алатау, Қатонқарғай, Бұрабай, Ақсу-Жабағылы, Көлсай, Баян ауыл, Маңғыстау жоталары және тағы басқа жерлер туристердің қозығамына айналған. Бұл орындар еліміздің ТОП алдыңғы қатардағы туристік мекендерінің қатарында. Алдағы бірнеше жылда бұл қатар едәуір толықта түспек. Сол үшін де жан-жақты жұмыстар жасалып, түрлі бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Негізінен, еліміз шын мәнінде жылына 24 млн шетелдік туристі еркін қабылдауға қауқарлы. Басты меже — осыған жету.



«Бопай ханым» романы тұтас бір дәуірдің ел басы-на туған ауыр да азапты, ер-азаматтардың бел шешпей, күн-түн демей, ат үстінен түспей ел мен жерді жан-жақтан анталаған жаудан қорғаған ауыр кезеңдерін көз алдына әкеледі. Оған себеп Ұлы дала тарихының сан мәрте өзгертіліп қайта жазылып, көшпелі елдің тарихи тағдыры ғана емес, тұтастай алғанда қазақ елінің от жалынға, қанды қырғынға толы өткен жолын өзгелердің уақыт тезіне салып мансұқтау болғандығы. Шын мәнінде ұлан-ғайыр Еуразияның как төрінде, Ұлы даланың періштедей қорғаушысы болған, сан мәрте ауыр шайқастарда жауларымен арыстанша айқасқан кешегі өткен қаралы жылдардың табы мен ізі әлі де талай шығармаларға арқау болар. Шынтуайтында шынайылық пен шындық үстемдік құрып, ел мәртебесі асқақтар. Сол бір мезетке дейінгі автор қаламынан туындаған тарихи тақырыптағы роман шағын болса да кезеңінің болмысын көз алдына әкеледі. Әбілқайыр хан мен жан жары Бопай ханым шығарманың өн бойында бір-бірін ақыл-қайраты, ойлы да орамды ойлары, шешімді һәм шынайы шешімдерімен толықтыра отырып, заманының биік белесіне көтерілген.

Арпалыспен өткен XVIII ғасыр халқымыздың ел болып, халық болып қалу не қалмау шағына айналған кезеңде қазақтың бас ханы Әбілқайыр сынды сырттанның жан-жақтан анталаған орыс пен жонғардың тепкісі мен езгісінен қарыс сүйем жерін жауға бермей, етігімен су кешкен зарлы замандағы кесек әрі бітімді бейнесін көз алдына әкеледі. Қандай қиын сәтте болсын, ханның әрбір айтар сөзін «он ойланyp, жүз толғанып» жеткізетін сөттерін автор қапысыз аңғартады. Бопай анамыз ұлы Нұрлыға әкесі Әбілқайырдың «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден айырылмайды» деген ой астарына үнілсеңіз хан мойнына артылған

■ **Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Дидар Амантайдың «Майдақоңыр» атты әңгімелер-новеллалар кітабы қазақ прозасының соны бейнесі. Олай дейтініміз — туынды қазақ әдебиетінің тереннен тамыр тартқан көне бояуымен қатар, бүгінгі күн бейнесі — жанашылдықтың да синтезі іспетті.**

Дидар Амантай есімі алғашқыда жазушымын деп «қатып қалмай», қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, мәдениет пен әдебиеттегі, саясат пен қоғамдағы көзге ұрған кемшілікке немкетті қарай алмағандықтан да басылымдарымызда, әлеуметтік желілерде келелі мәселелер көтеруімен есте қалған. Берісі бір кездері халық сусап қауышқан мәдениеттанудағы, әрісі қазақ философиясының үңғыл-шұңғылымен жұртшылықты терендеп таныстыруда аз еңбек сіңірмегенін, әсіресе көзі қарақты қауым жақсы біледі. Одан қалды осы тұрғыда мәселенің мәніне бойлап барудағы мақалалары жазушының есімін көзі қарақты оқырман жадына тоқытты.

Сонау ат жалын тартып мінген балаң жігіт шағының өзінде «Жас Алаш» газетіндегі қазақ мәдениеттануы жайындағы жарияланымдары зиялы ортада зор ықылас туғызған. Бүгінде «Не могу молчать?» деген іспетті жазушының жанайқайы әлсін-әлсін баспасөз бетінде бұырқанып шығып тұруы сол соқпақтың саралығы. Әлбетте, мұның бәрі жазушы белсенділігімен қоғамдағы қозғаушы күш — «генераторлығынан» хабар береді. Енді оның «ішкі менін» тану үшін шығармашылығына аз-кем тоқтамай өту мүмкін емес. Алғашқы «Гүлдер мен кітаптар» атты романынан «Күзгі рандеву», «Мен сізді сағынып жүрмін», «Ібіліспен сүйісу» повестері және көптеген әңгімесі соқталы дүниелерінің бір-бірімен біте қайнасканын байқар едік. Тілі көркем шұрайлы, оқиғалары шынайы, ойға қонымды әрі тартымды.

Жазушының «Майдақоңыр» атты әңгімелер-новеллалар кітабының орны бөлек. Мұндағы кейіпкерлер — қай жағынан алып қарағанда да үздіксіз тек алға ұмтылған күрескер бейне.

Түбі ақиқаттың жеңіп, ақ желкенін керіп айдынға шығарына имандай иланады әрі сол сенім алдамайды. Арман, ақиқат сияқты асқақ ұғымдар қанша төбесі көк тіресе де аласаралы. Шын мәнінде бұл біз үшін, қазіргі қым-ғуыт шақ үшін үлгі алатын бейнелер жинағы іспеттес.

Әр уақыттың замана ауанына қарай қалыптасатын һәм қоғам қажеттілігінен туындайтын тақуа тұмысты сұрауы болады. Біздің, яки бүгінгі ұрпақтың ұтқыр да ұғынықты жауап берер сауалы санаға самарқаулықты жүктеп отырған жок. Түп тамыры сонау көне түрік пәлсапасы дүниеге еکلген «Біз кімбіз осы? Қайдан шықтық? Қайда келдік? Енді қайда барамыз?» деген сұрақтардан сыр тартып жатқаны аңызға емес, ақиқаттың нақ өзіне айналды. Олай дейтініміз — дүркін-дүркін баспасөз беттерінде, мәжіліс мінберінде бұл мәселе жиірек айтыла бастады. Занды құбылыс. Сауал салмағы саралаусыз қалса, бірінші — қоғамның соры да.

Әдеби, мәдени өмірімізде аталмыш жайтқа деген алаңдаушылық бар. Соған қуанасың. Жазушы Дидар Амантайдың «Майдақоңыр» атты әңгімелер-новел-

■ **Замана заңғарларының бірі ұлы Ғабеннің осы бір ұлағатты, тәлімді ойлары қолына қалам ұстаған қаламгерлерге уақыт кезеңінің ауыр жүгіне жегілу, сан мың оқырман алдындағы әдебиет әлеміне деген адалдығын жан-жүрегімен сезіне білген қаламгер қауымына қарата айтқан шынайы пікірі деп қабылдаған орынды. Сол мәртебелі қаламгерлер қатарына сонау 70-жылдардың орта тұсынан қосылған зейінді, сырбаз әрі бойына шынайылық пен тазалықты, тектілік пен байыштылықты жинақтаған Мәди Айымбетов шығармалары жайлы ой тербеу де қиынның қиыны. Автор жанын түсініп, ұғыну үшін де шығарманы сан мәрте оқып, әрбір ойдың астары мен қалтарысында жатқан дүниелерге сыни көзбен қарап, електен, екшеп барып қана қолға қалам ұстайсың. Оқырман жанын жылытып, жан дүниесін кейіпкерімен бірге бірде қуантып, енді бірде қосыла егілтіп отыратын ордалы ойлардың жетегінде жүре отырып, ой соқпағында автормен бірге ере отырасың.**

«Заман тағдырын толғаған...»

ел аманатының ауырлығын жан жүрегімен ұғынасын. Сол Жайық кеше де, бүгін де, ертең де жер мен елдің қанқасы кепкен кезеңінде елге азық, құт болып отыр емес пе?! Талай боздақтар сүйем жерді жауға бермейміз деп мерт болған жоқ па? Кешегі зар замандағы аныраған ана мен әке, боздаған жар мен баланың көз жасын кім құрғатар? Міне, осы шақта Әбілқайырдай алыптың ақылғой ақылшысына айналған жұбайы Бопай ханымның кесекті әрі кесімді пікір ойлары талай мәрте ел бүгіндігіне қорған болды емес пе?

Романдағы автордың хан иесі жайлы Бопай ойын суреттеген мына бір сәті «Еділ-Жайыққа дейінгі алапта елі мен жерінің тұтастығын сақтап қалуды мұрат тұтқан ханның әділетті әрекетіне наразылар өз ішінде, Аркада көз тігіп отырған ағайындар арасында да, ел шетіне келіп, орыс билігін қолына ұстап отырған жымысқы дұшпанкөздер де аз емес. Солардың қол астындағы елінің тоз-тозын шығармақты ойлаған әрекеті ханның жүрегін сыздатағаны анық» деген ой толғамының өзі хан жарының ақылы толысқан, елі мен жерінің қос тұтқасын қолына ұстаған ерінің ақыл қосар кеңесшісі мен көмекшісіне айналған бейнесін де асқақтатып тұр емес пе? Жаратқан иемнің ерлі-зайыпты пендесін бір-біріне тен етіп жұптастырған көрегенділігі мен жомарттығына кейде тәнті боласың. Көркем де келісті аймаңдай жүзіне, ақылы асқан, хор қызындай Бопай ханымды көрген сәттегі ағылшын суретшісі Джон Кэстльың «Аялы, нұрлы сұлу көздеріндегі сәулемі ұшқыннан жас әйелдің боямасыз көркем бейнесін байқамау мүмкін бе? Жымыып тіл қатқан сөттерінде әдемі ғана бүлкіп қататын аппақ тамағы, ақшыл нәзік мойны қандай керемет. Нағыз дала мадоннасы!..» деген ой толғамы

да Бопай ханым бейнесін нәзік жанды, алайда ақылы асқан жан жары ретінде көрсетіп тұр. Патшайым Анна Иоанновна Джон Кэстль салған суретке барлай қарап «Далалық мадонна дейсіз бе, әлде номад сұлуы ма!? Не десеніз де мұның өзі үнемі көшіп-қонып жүретін далалықтар да, номадтар да осы қайсақтар дегенді білдірмей ме, Джон мырза?! Ал сіз мына мадонна ханымның нәзік сұлулығын да, өжет қайсарлығын да соншама дәл таныспсыз. Әрі сұлу, әрі нағыз ақылды және қайсар әйелдің бейнесінде тамаша көрсете біліпсіз! Сөз жоқ солай екенін тап басыпсыз, қалірменді суретшім!...». Демек, автор толғамында патшайымның сұлулыққа таңырқауынан дала мадоннасының бейнесіндегі отты жанар мен ішкі жан әлеміндегі лапылдаған кек пен қайсарлықты байқаған сәтіне шүбәсіз куә боласыз. Және соған кәміл сенесіз!? Кітаптағы аманаттағы жас сұлтан Қожахметтің құдықтан су алуға келген ноғай қыздың зарлы әуенінен кейінгі ой толғанысын автор «Еділді алса — елді алар, енді алмаған не қалар? Жайықты алса — жанды алар, жанды алған сон не қалар? Ойылды алса — ойды алар, ойлашы, сонда не қалар?» деген нәзік жүрекке қанжардай қадалатын ойлы орамдары кеше де, бүгін де сырттан да, іштен де бүтіндікке қарсы тұрар күштердің бар екендігінен сақтан дегендей ойға жетелейтіндей!? Әрине, қай заманда да бабалардың қанымен қорғалған жердің қарыс сүйемі де ұрпақ игілігіне қызмет етсе деген қаламгер тілегін, ел тілегі деп ұққан абзал болар!

Кітапта қапияда қанды қол қарақшы Барак сұлтанның итаршыларының қолынан қаза болған Әбілқайыр ханның өліміне кінәлі сұлтанға Бопай ханым шығарған дала заңының қаталдығын жауына

да тілемейтіндейсін. Алайда ел қорғаны болған ханның қазасы өзгеден емес, ел ішіндегі бақталастық пен тақ таласынан екені белгілі болғанда ханым ойлаған кесімді ойдың ойлы пендеге ой салар санқырлығын арғы заманнан желі тартқан жалғастықтың қатаң үкіміндей қабылдайсың. Дала заңының қай кезеңде сырттан және іштен шыққан жауға қатал әрі аяусыз болғандығы тарихтан белгілі болса да Барак сұлтанға кесілген үкімнің өлімнен де жан азабы мен ар азабының аса ауырлығын көз алдына әкеледі. Үкім былай: «Катын-баласының, халқының алдында табанға салып басындағы тәжін, беліндегі кісесін, асасы мен бес қаруын сыпырып, саусағындағы мөрің, қос құлағының азандығын тіліп, «сырғалық» жасайсыздар, иегіндегі сақалын күзеп, ұстарамен тақырлап, төбесін қанжардың ұшымен шаңбақтап, қатынының бұрымын кесіп, астындағы атының құйрық-жалын күзеп, тай сияқты шұңқитып тастаныздар!». Даланың сұмдық жазасынан кейін бой көтере алмай, тірі өлік күйінде жан мен тән азабын қатар тартқан сұлтан да өмірмен хош айтысты. Заман шеруінде тақ таласынан болған ауыр зардаптың ел мен жерге, халыққа тигізген ауырлығының орасан болғандығын қаламгер оқырманға байсалды баяндай отырып, ұғынықты жеткізеді.

Солай етіп, даланың жазылған және жазылмаған заңымен өмір сүрген, қазаққа бас хан болған Әбілқайырына ақыл қосар ақылшысы, халқының қамқоршысы, жері мен елінің тұтастығын ойлаған, ұрпағының текті анасы болған Бопай ханым да жарық дүниемен мәңгілікке хош айтысты. Қаламгер қаламынан суылдап ақ парактарға төгілген әрбір жолы жан тебіренетін сөттерге толы болған жолдардың автор жан әлемін әділдей отырып бейнелеген бейнелерінің соншалықты ғажайып сыршылдығына тәнті боласың. Ол автордың жан дүниесіндегі әрбір кейіпкері жылдар сілемінде саралана келіп, бейнелі қайталанбас образға айналғандығына куә. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Бопай ханым» романы зар заманның қатігез шағын көз алдына әкеліп, бүгінгі «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезеңін» өткен шақтағы ащысы мен тәттісін де ойла дегендей оқырман қауымын қалың ойдың құшағына жетелейді. Демек, өткен заманда азаттықтың ақ туын жықпай, бүгінгі және келешек ұрпағына аманаттаған «арыстар мен ағыстардың» аманатындай болған жер мен ел тұтастығын сақта деген қастерлі ұғымды санасы сергек қаламгер саналы ұрпағына аманаттайды. «Бопай ханым» романы осынысымен де құнды әрі қастерлі.

Құлдайберген ТҰРСЫН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор



«МАЙДАҚОҢЫР» – ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

лалар кітабының әлеуметтік қуаты қакында қозғар сөзіміз соның үдесінен шығар үн.

«Майдақоңырда» екі желі бар. Біріншісі — бабалар, екіншісі — ұрпақтар. Яғни, ата мен бала. Енді бұлардың арасындағы ғасырлар бойы жасап келе жатқан берік байланысты әңгімеден іздеп әуре боласыз. Көркемдік кілтгінің құнын көтеріп тұрған да осы тұздық деп топышлаймыз.

Әр заманның өз өлердей сүйенер сенімі, имандай иланар идеялы болғанын Сталин мен коммунистерді пір тұтқан бабаларымыз анық та қанық айғақтайды. Олардың бүкілдей болмысын көрсететін бүгін бейне әңгімедегі атаның кейпімен келістірек. Бабаларымыз Пайғамбардай көрген коммунистік партиясының тіптен құрбаны болып кетуге әзір. Өмір бойы тілеуін тілеп, жанға «жанның жылуын» берген идеяның күйрегеніне күйінбегенде кайтеді. Және олардың сол «алдамшы парманнан» арыла алмай, дүниеден озып, тозатыны түсінікті нәрсес. Ал біз ше? Жауаптың жүгін әңгімеге арқау жерінен іздесек.

«...Кейде танертен ерте оянып, алғашқы хабарларды тыңдау үшін радионың жанына барып, жай-ғасатын: бір түні мен ұйықтамай дөңбекшіп шықтым. Атамның ішкімиімен жаналықтарды естуге шыққанын пайымдалды. Ол ақырын төсектен түсіп, аяғына шұлғауын орай, сол күні төлтіректей қозғалып, дәліздегі радиоға беттеді. Соңынан мысық табандап жеткенімде атамның бірдеңені тыңдап алып, артынан

тірліктің күйбенімен күйтелек ғұмыр кешкен ұрпаққа «күтпеген құбылыс» екенін мойындамай қу мимырт медиенді мейрамдап жүргендер үшін түк емес. Өмірдің сергелден екенін санадан сызып тастай алмаймыз. Тіршілігімізде өткенімізден бетер аста-төк алдамшы қызық, әбүйір әпермейтінін әпербақандық, тәубана түсірмейтін тойымсыздық, оңай опынтатын ойсыздықтардың шетсіз, шексіз желісі жалғаса берді. Осының арқасында тым шаршағыш, самарқау, енжар, бейжай, қимылды сөкет санамайтын ұрпақ ожданы бабалар алдында ұнжырғасын төмен ұстауды ұят санады.

Мұндай әлеуметті ахуалынан айықтырар қалам күдіреті десек, амал қайсы, алдымен әдебиет пен өнерге иек артамыз. Сол емеуірімізді елей қояр күштің сықпытын көріп, кейде кейісің де. Осы орайда, аз ұсыныс айту айыпқа бұйырла қоймас.

Өнеріміздің қазірде ең маңыздырағы — киномыз тын соқпағын іздеуде. Әсіресе, «жана толкынның» жемісін алға тартсақ та жетіп жатыр. Олар: «Біз бәріміз Соловьевтің қоластынан толқын болып тулап, жағаны су болып бір шайып өтіп қайттық», — дейді. Әдебиетімізге дәл осындай болмаса да жана қуат, оқырманға мөлдір суат қажеттігі айдан анық. Әйтпесе, әдебиетіміз киномыздың көленкесінде қалып қойып, «ғайып» болып кетуі де ғажап емес. Әдебиетімізге тосын бетбұрысты әкелетін және жастар екенін екләнбей сөз етелік. Ол үшін қазақ киносына

«жана толқын» әкелген Соловьев сияқты санлақ (әрине, өз ұлтымыздан шыққан) суреткерлер ұлттық әдебиетіміздің байыпты болашағын ойлап, талданып отырған әңгіме авторы секілді жастарға дәріс оқып, бағыт берсе дейміз.

Бар нәресе адасып қалған ұрпақ, анырап алақ-жұлақ етіп, уақытының көш керуенінен көз жазып қалған біздер жайлы болып отырғандықтан да әңгіме соңы басты кейіпкердің көз жасын көл етуімен аяқталады. Мұны тәуелсіз ойлайтын жігіттің тәуекелшіл, турашыл бұлқынысы деп білуіміз керек. Ол бекерден-бекер жылап отырған жоқ. Бүгінгі бейбақ ұрпақ пен жалпы адамзат атаулының қоғам һәм жаратушы күдірет алдындағы дәрменсіздігіне налиды, назданады. Ешкімге сенбейтіндігіне танданыс пен тәқаппарлана іштей ызаланып, еріксіз екі көздің жасына ерік береді. Оны шарап ішіп, шалқығанда нелер есіне түсіп, түнере күніренетін байғұс деп бағалауымыз мүмкін. Шын мәнінде олай емес. Одан жиіркеніш сезімін бойына жиырып ұғынатын ұрпақ (жанындағы достары) өзінің алдағы жолын аңғара алмай адасып, анырап айдалада қалғанын андамайтыны — ақиқат. Айтынызшы, өтірік пе? Мына бәдәуи дүниеден де береке тауып, мереке жасап жүргендеріміз жетерлік.

Салмақты ойға шақыратын әңгіме пайымдауымызша, осылай сыр шертеді. Оны басқасын былай қойғанда, әдеби ортаның өзі соны жаңалық ретінде салмақтап алмаған-ды. Өстіп еш байқаусыз бір күні өнер де, өзіміз де өшер ме екенбіз деген өксік көмейге кеттеледі. Сонда қапа болған Балзактың: «Бүгінде оқыған адам бар ма? Барлығы сәнді киім ілген киім ілгіштер ғой» — деген сөзі ойға еріксіз оралады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Дидар Амантайдың «Майдақоңыр» атты әңгімелер-новеллалар кітабы бүгінгі күннің талабына сай жазылған еңбек. Себебі Еуропа мен Американың классикалық әдебиетінің тынысын байқайсыз. Ежелгі грек пен көне рим әдебиетінен бастап XX ғасырдағы модернистік әдебиетке дейінгі аралықтағы ең көрнекті қаламгерлерді жазушының көп оқығаны байқалады әрі оқырманның білім көкжиегін кеңейтуге өте қажетті кітап.

Батыс Еуропа мен шығыс Еуропа, Скандинавия мен Америка әдебиеттерінің даму кезеңдері, реализм және романтизм, натурализм мен сентиментализм, қайта өрлеу мен ағартушылық дәуірлерінің ерекшеліктері, жанрлар жүйесі әр кезеңдегі проза мен поэзияның, драманың көркемдік табыстары сол уақыттағы әдеби-теориялық ізденістердің, ғылыми тұжырымдардың маңыздылығын аталған туындыдан аңғарасыз.

Көне ғасырлардан бері әдеби үдерістің алдыңғы шебінде болған ағылшын мен француз, неміс пен итальян, испан мен нидерланды, поляк, венгр, дат тағы басқа Еуропа елдері әдебиетінің және Американ әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, қаламгерлердің қолтаңбасын жазушы Дидар Амантай бойына сіңіре отырып, өзіндік синтезбен қазақы таныммен өрнектегенін байқаймыз.

Қысқасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Дидар Амантайдың биылғы Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатқан «Майдақоңыр» атты әңгімелер-новеллалар кітабы өзіндік жанашылдығымен, айрықша ерекшелігімен аталған сыйлыққа әбден лайық туынды.

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН



ТАБЫСТЫҢ КӨЗІН ВАГОННАН ТАПТЫ

Баян ЖАНУЗАҚОВА

(Басы 1-бетте)

Біз бес бірдей студент еңбек етіп жатқан Атырау қаласындағы «Солтүстік өндіріс аймағы 48» көлік жөндеу орталығына арнайы барып шықтық. Қайнаған тірліктің ортасында жүрген студенттер бұл саланың өздері үшін жаңалық болып жатқанын айтуда.

Әділжан Бисенбайұлы Атырау аграрлы-техникалық колледжінде оқиды. Биыл колледждің 2-курсына көшкен студент осы жұмысқа өзі қызығып, іздеп келген. Болашақ құрылысшы вагон жаңалау арқылы бір жағынан табыс тапса, екінші жағынан тәжірибе жинақтап жатқанына қуанышты.

— Мұнда келгеніме көп болмаса да, бүгінге дейін екі вагон жасап үлгердім. Жұмысым өзіме ұнайды әрі оқып жатқан мамандығым да сай келеді. Жұмысқа қызығушылықпен қарасан, қиындығын ұмытады екенсің. Әрі төп-тәуір табыс тауып, ата-анам көмектесіп жүрмін», — деді Әділжан.

«Солтүстік өндіріс аймағы 48» көлік жөндеу мекемесінің басшысы Бактыбек Әсемғалиев

«Өзім көлік жөндеу саласымен айналысамын. Ал ескірген вагондарды жеке шаруашылықтарыма пайдалану мақсатында алған болатынмын. Менде көне вагондардың барын көрген танысым бірде вагонды қайта құрастырып беруімді өтінді. Жасап көрдім. Сөйтіп, сирек те болса, бұл салаға сұраныс барын көріп, осы кәсіппен айналыса бастадым. Ескі темірді құммен тазалап, сырттарын қаптап, бояймыз. Есік-терезесін салып, салкындатқыш орнатып, сатылымға шығарамыз. Вагондардың бағасы да өлшеміне қарай, нарықтағы бір вагонның құны 1,7 млн теңге — 1,8 млн теңге шамасында», — дейді ол.

Айтуынша, жанартылған вагондарға негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруалардан сұраныс жиі түседі. «Себебі біз жасап шыққан вагонда барлық жағдай бар. Енді малшыларға арнайы жазғы үй салудың қажеті болмайды. Олар жаз мезгілінде біздің вагондарымызды паналай алады. Себебі, жанартылған вагондарда адамның жайлы тұрмысы үшін барлық жағдай жасалған», — дейді «Солтүстік өндіріс аймағы 48» көлік жөндеу мекемесінің басшысы Бактыбек Әсемғалиев.

Сонымен бірге жанартылған вагондар далалық жұмыс істейтіндер үшін де ыңғайлы. Егін шаруашылығы, тұрғын үй құрылысын тұрғызып жатқандар үшін де вагондардың қызметі қолайлы болып отыр.

«Бір вагонды жанартуға бір аптадай уақыт кетеді. Алға қарай, модульді ғимараттар мен туристерге арналған жылжымалы вагондарды жанартуды да жоспарлап отырмыз», — дейді «Солтүстік өндіріс аймағы 48» көлік жөндеу мекемесінің басшысы Бактыбек Әсемғалиев.

Туристерге арналған жылжымалы вагон-көліктерге соңғы кездері сұраныс артып жатқанын да атап өткеніміз дұрыс. Себебі соңғы кездері отбасылық саяхатты ұйымдастырушылар авиатасымалдан гөрі автосаяхаттын әрі қызықты, әрі қалтаға да тиімді екенін алға тартуда.

Мәселен, Париж олимпиадасының ашылу салтанатына қатысып, отбасына ерекше эмоция сыйлауды мақсат еткен атыраулық Ерік Шыныбеков Франция астанасына көлікпен 13 шілде күні аттанып кетті. Ол отбасымен сапарға 6 ай дайындалған.

«Алыс сапарға аттануымдағы басты мақсатым — Парижде өтетін Жазғы Олимпиаданың ашылуына қатысу, еліміздің спортшыларына жанкүйер болу. Шыны керек, әлем көз тігіп отырған олимпиаданы теледидардан емес,

балаларымның көзбен көруіне жағдай жасау үшін жарты жыл дайындалдым. Жол бойына 15 мемлекеттің үстімен өтіп шығамыз», — дейді саяхатшы Ерік Шыныбеков.

«Атырау номад» саяхатшылар клубының құрамында бұған дейін Қазақстанды аралап шыққан Ерік Шыныбеков былтыр автокөлікпен отбасымен Грузия, Түркия елдеріне барып келген. «Автокөлікпен ел аралаудың тиімді тұсы — отбасымен шүйіркелесіп уақыт өткізуге болады. Саяхат — отбасымызды біріктіретін уақыт деп айта аламын», — дейді Ерік.

Сондықтан атыраулық студенттер жанартып жатқан вагондар инженерлік тұрғыдан мықтап жетілетін болса, туристік бағыттағы жылжымалы вагондарға сұраныстың еселеп артарына күмән жоқ.

Сарапшылардың айтуынша, туристер арасында соңғы жылдары автожолдарға сұраныс артқан. Автомобиль қатынасы негізінен шекара маңындағы мемлекеттерде және экскурсиялық маршруттарда туристік маршруттарды ұйымдастыру үшін қолданылады. Қазақстан арқылы әлемге шығатын 5 негізгі халықаралық жол бар екен. 23 мың шақырымды алып жатқан бес халықаралық дәліз ретінде негізінен: Ресейдің Челябині қаласына алып баратын «Алматы — Астана — Костанай» автотрассасы, Ресейдің Омск қаласына жол бастайтын «Алматы — Петропавл» автотрассасы, Омскіге шығатын «Алматы — Семей — Павлодар» трассасы, Өзбекстан астанасы Ташкентке апаратын «Алматы — Шымкент» автожолы, Ресейдің Самара қаласына шығатын «Шымкент — Ақтөбе — Орал» трассалары аталып жүр.

Бұл тізімге қайта жаңғыртылып жатқан «Ақтөбе — Атырау — Астрахань» трассасын да қосуға болады. Міне, осы аталған бағыттардың өзінде туристер қызығушылығын туғызатын қаншама тарихи нысан бар?

Екінші жағынан, полигондардағы коқыстардың санын көбейтіп, босқа жатқан вагондарға «жана өмір» сыйлау — экология үшін де үлкен көмек. Вагондар жасалатын ауыр металдардың ылдырауына әдетте 90-100 жыл керек. Бұл — утилизацияға жіберіліп, тасталған вагондар осыныша уақыт атмосфераға лас заттар бөліп жатады деген сөз.

Айта кету керек, ескі вагондарды есептен шығарып тастамай, қайта жанартып, қолданыска енгізу — өндірісте бар тәжірибе. Былтыр «Қырғыз темір жолы» қайта жаңғыртылған вагондарды қолданыска енгізген болатын. Есептен шығарылған вагон құрамалары Қырғыз вагон жөндеу зауытында қайта құрастырылып шыққан еді. Қырғыз елінің ішінде ғана жолаушы тасымалдауға рұқсат берілген вагондар заманауи форматта қайта жаңғыртылып, теміржол көлігімен саяхаттауды таңдаған жолаушылар үшін ыңғайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз етті.

САЛЬМОНЕЛЛЕЗДЕН САҚТАН

Жыл басынан бері Алматыда сальмонеллез ауруына шалдыққан науқастар саны көбейген. Қазір шаһардың Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті аурудың 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда екі есеге дейін артқанын айтып дабыл қағады. Дәлірек айтсақ, биылғы алғашқы жартыжылдықта сальмонеллезбен сырқаттанған науқастар көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 1,40 пайызды құраған. Ал аталған ауру түріне кезіккен науқастардың арасында 14 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы 25 пайызға жетіп отыр. Күнделікті өмірде көпшілік біле бермейтін, бірақ адам денсаулығы үшін аса қауіпті бұл қандай дерт? Оның адам бойында байқалатын алғашқы белгілері қандай?



— Адам сальмонеллезбен ластанған жануарлардан алынатын тамақ өнімдерін, кілегейлі кондитерлік өнімдерді, көкөністер мен жемістерді тұтыну, сондай-ақ ластанған су айдындарында шомылу, жеке бас гигиенасын сақтамаудың әсерінен ауырады. Жарамдылық мерзімінен тыс тез бұзылатын өнімдерді пайдалану аурудың ықтималдығын арттырады, әсіресе жазда ауа температурасының жоғарылауы — азық-түлік өнімдері сальмонеллалардың көбеюіне қолайлы орта болып келеді. Аурудың инкубациялық кезеңі 6 сағаттан 7 күнге дейін, көбіне бірнеше сағаттан 3 күнге дейін созылады, — дейді Қ. Алпысбайұлы.

Қалалық СЭБ департаментінің басшысы балалар арасында аурудың алдын алуға ерекше назар аудару қажет екенін атап өтті. Осы ретте дүниеге жаңадан сәби әкелген аналар балаларын күтіп, тамақтандыру бойынша дәрігерлердің ұсынымдарын мұлтіксіз орындауы аса маңызды екенін алға тартты.

— Сальмонеллездің симптомдары байқалғанда дереу медициналық көмекке жүгіну қажет, науқастың өзін-өзі емдеуіне болмайды. Бактериялардың көбеюіне жол бермеу үшін тағамды тоназытқышта төмен температурада сақтау, сондай-ақ пісірілген және шикі тағам үшін жеке тактайлар мен пышақтарды пайдалану, тез бұзылатын өнімдердің жарамдылық мерзімін қадағалау маңызды. Шикі сүтті және одан жасалған сүт өнімдерін тұтынудан аулақ болыңыз, тек пастерленген немесе қайнатылған сүтті ішкен дұрыс. Құрамында кремді кондитерлік өнімдер мен торттарды тек балғын күйінде тұтыну қажет, оларды тоназытқышта өндірілген сәттен бастап 24 сағаттан артық сақтауға болмайды. Тағы бір ескеретін маңызды жайт, рұқсат етілмеген сауда орындарынан ет және сүт өнімдерін сатып алмауға кеңес береміз, — деп сөзін түйіндеді қалалық СЭБ департаментінің басшысы Қ. Алпысбайұлы.

Жаздың шілінгір шілдесінде көпшілік бойдағы ыстықты басу үшін су айдындарында шомылып, шөлін қандыру мақсатында салқын суды жиі ішетіні белгілі. Мұндай кезеңде адамның күнделікті тұтынатын су мөлшері де артады. Мамандар жаймашуақ жаз мезгілінде сальмонеллездің жедел дамитынын ескере отырып тұрғындарды аурудың белен алуына жол бермеуге шақырады.

Алматы қаласы

«Түркістан облысы өлшеу құралдары, детекторлар және олардың құрамдас бөліктері» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Түркістан облысы өлшеу құралдары, детекторлар және олардың құрамдас бөліктері» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 49, жалпы сомасы — 82 924 735,83 теңге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын тауарлары тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 09 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 09 тамызда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.	Объявление о проведении открытого тендера по закупке товаров «Средства измерений, детекторы и их комплектующие для Туркестанской области» ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Средства измерений, детекторы и их комплектующие для Туркестанской области». (Количество лотов — 49; общая сумма — 82 924 735,83 теңге без учета НДС). Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 09 августа 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 09 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.
--	--

«Алматы облысы өлшеу құралдары, детекторлар және олардың құрамдас бөліктері» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Алматы облысы өлшеу құралдары, детекторлар және олардың құрамдас бөліктері» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 19, жалпы сомасы 75 231 790,13 теңге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын тауарлары тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерешеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет. Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді). Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 09 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 09 тамызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.	Объявление о проведении открытого тендера по закупке товаров «Средства измерений, детекторы и их комплектующие для Алматинской области» ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Средства измерений, детекторы и их комплектующие для Алматинской области». (Количество лотов — 19; общая сумма — 75 231 790,13 теңге без учета НДС). Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность. Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 09 августа 2024 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 09 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.
---	--

«СКАДА желісіне арналған желіаралық экрандау жабдығы» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКАДА желісіне арналған желіаралық экрандау жабдығы» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер Лот №1 бойынша өткізілмеді деп танылды. «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКАДА желісіне арналған желіаралық экрандау жабдығы» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер Лот №2 бойынша «BUSINESS SECURITY GROUP» ЖШС: Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Майлин көшесі, 13-ғимарат, пәтер. 202, 010000, БСН 190740028597 жеңімпаз болып танылсын. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.	«Бас кеңседегі серверлік жабдыктар мен жүйелерге қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру «Бас кеңседегі серверлік жабдыктар мен жүйелерге қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танилды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.
Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товара «Оборудование межсетевого экранирования для сети СКАДА» ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товара «Оборудование межсетевого экранирования для сети СКАДА» по Лоту №1 несостоявшимся. ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке товара «Оборудование межсетевого экранирования для сети СКАДА» по Лоту №2 тендерную заявку ТОО «BUSINESS SECURITY GROUP»: г. Астана, район Алматы, улица Б. Майлин, дом 13, кв. 202, 010000, БИН 190740028597. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.	Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Сервисное обслуживание серверного оборудования и систем в ГО» ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Сервисное обслуживание серверного оборудования и систем в ГО» - несостоявшимся. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Көшпенділер ойыны – түркі халықтарының рухани және мәдени бірлігінің алтын көпірі. Биыл бесінші рет ұйымдастырылып отырған дүниежүзілік спорттық дода Астанада өтеді. Қала спортшылар мен қонақтарды күтуге қызу дайындалуда. Қазір «Астана Арена» стадионы, «Алау» мұз сарайы және Ипподромда қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ЭТНОСПОРТТЫҢ ЖҰЛДЫЗЫН ЖАРҚЫРАТАР ЖАРЫС

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

8 қыркүйекте «Астана Аренада» дүбірлі думанның салтанатты ашылу рәсімі болады. Байрақты бөсекеде бак сынауға 89 елден 2 000-нан астам спортшы келмек. 21 спорт түрінен өтетін жарыста 97 медаль сарапка салынады. 10-ы түгел түркіге ортақ ресми бекітілген ойындар болса, қалғаны бір-біріне ұқсас, этникалық ерекшеліктері сақталған этноспорт түрлері.

— Көшпенділер ойынының ашылуына 46 күн қалды. Дайындық жұмыстары бірнеше спорт нысанында жан-жақты жүріп жатыр. Түркі дүниесінің төл спорттық ойындарының бөсін асыратын жарысқа қатысуға рұқсат алған елдерден басқа да қызығушылық танытқан мемлекеттерден қазірге дейін өтінімдер түсіп жатыр. Өтінімдерді қабылдау 15 шілдеде аяқталған болатын. Бірақ кейбір белгілі себептермен үлгермей қалған спортшылар тарапынан әлі де сұраныс тоқтаған жоқ. Сондықтан тағы да іріктеу жұмыстары пысықталып, тамыз айында қатысатын мемлекеттер саны нақты анықталады, — деді 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекция басшысының орынбасары Абылай Қондыбаев.

«Астана Арена» стадионында Көшпенділер ойынының ресми ашылу салтанаты ежелгі Олимпиада ойындарының дәстүрлі рәсімдерімен үндесе отырып, қазақ халқының ұлттық рухани-мәдени бай мұрасы, әдет-ғұрпы және мемлекеттің даму белестері, музыкалық ән-би жауһарлары, күмбірлеген күймен көмкеріле театрландырылған сахналық қойылым арқылы көрермен көзайымына айналмақ.

— «Астана Арена» стадионы 2009 жылы ашылған және бұған дейін реконструкция жұмыстары жүргізілмеген. Мұнда 30 мыңнан астам адам сыяды. Былтыр Көшпенділер ойынына дайындық үшін демонтаж жұмыстары басталды, содан бері жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Мұнда 10 тамызға дейін негізгі жұмыстар аяқталады және 20 тамыз күні толығымен пайдалануға берілуі қажет, — деді Астана қалалық Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Нұрдәулет Құрбанбекұлы.

Стадионда қазір 500-ден астам жұмысшы күні-түні екі ауысымда қарқынды жұмыс істеуде. Құрылыс материалдары — отандық өнім, Астана, Теміртау, Атырау қалаларынан жеткізілген.

— Реконструкция болғандықтан, ғимараттардың барлық функционалы сақталады, тек материалдары жаңартылып, инженерлік желілері ауыстырылып, қонақтар мен спортшыларға ыңғайлы бола түседі. Сырттағы абаттандыру, әрлеу, витраждар қою және ағаш егу жұмыстары толығымен аяқталып қалды. Ішкі бөлігінде де әр қабатта жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, стадионның шатыры ауыстырылады. Ал газонды Көшпенділер ойыны аяқталған соң ауыстыру жоспарланған, — деді Нұрдәулет Құрбанбекұлы.

Көшпенділер мәдениетінің мұрагерлері саналатын мемлекеттер арасында этномәдениетті жаңғыртып, әсіресе этносportтың жұлдызын жарқырататын дүбірлі додаға дүниежүзі қызыға көз тігіп отыр. Сондықтан жеті күнге созылатын жарыстың сәні мен салтанатын асыру үшін республикамыздың



2 000 спортшысы 37 спорт түрінен өнер көрсетіпті. 4-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 2022 жылы Түркияның Изник қаласында өткізілді. 102 мемлекет қатысқан жарыста 13 спорт түрінен 3 000 спортшы бәйгеге бәс тіккен екен.

Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылып жатқан көшпенділер ойынының ұраны «Ұлы дала дүбірі» аталады. Доданың басты логотипінде күнбасты салт атты бейнеленген. Ойын атауы мыңжылдықтың басында түркі руналарында қолданылған түпнұсқа шрифтпен жазылған. Медальдің контуры ұлттық символымыз шаңырақ түрінде жасалған. Медаль таспасы ерекше, сердолик минералының түсі секілді. Онда ойындардың өтетін орны мен уақыты көрсетілген естелік жазба бар.

ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізімінен орын алған Көшпенділер ойыны кезінде спортшылардың өнері сыңға түсіп қана қоймай, этносport түрлерін ғылыми тұрғыда насихаттау жұмыстары да ұйымдастырылады.

— Ойын кезінде ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу жоспарланып отыр. Спортпен шектелмей, тарих пен мәдениет, спорт тағамы және спорт ғылымы туралы ғылыми-тәжірибелік конференция өткіземіз. Оған Ұлыбритания, Түркия, Венгриядан 10 шақты ғалым өтініш берді, — деген еді Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев.

Ал Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі дирекция басшысы Найль Нұровтың айтуынша, көшпенділер ойындарын өткізудің ең маңызды мақсаты — еліміздегі ұлттық спорт түрлерінің дамуына үлкен ықпал ету.

— Көшпенділер ойындары ұлттық спорт түрлерінде жана батырларды тәрбиелеуге қабілетті. Мені әрқашан таңғалдыратыны, көшеде жүрген кез келген адам біздің олимпиада чемпиондарының есімдерін атай алатыны, бірақ бәйге немесе көкпар сияқты ұлттық спорт батырларын көпшілік біле бермейді. Біз осы жарыстарды балалар мен жастар біздің ұлттық спорт түрлері туралы көбірек біліп, батырлардан шабыт алулары үшін өткіземіз, — деді Н.Нұров.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЫ

Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, мерейлі үстем болмай мемлекеттің мықты болуы мүмкін емес. Ал жыл сайын үлгілі отбасылар байқауын өткізудің маңызы зор. Себебі отбасылық өмір салты, ата-аналық парыз, жауапкершілік ұғымдарын ел санасына сіңіру, әсіресе жастарға жеткізу, жарасымды отбасы құндылығын кеңінен насихаттау арқылы отбасы құндылықтарын арттыруға болады.

Назгүл НАЗАРБЕК

Осыған орай, Шымкентте дәстүрлі байқау он бірінші рет өткізілгені отыр. — «Мерейлі отбасы» байқауы — мазмұны мен тәрбиелік жағынан өзгеше іс-шара, яғни аға буынға «Артымда қандай ұрпақ қалдырамын?» деген ой салып, жас буынды әке салған жолды жай ғана жалғастырып қоймай, тын идеялармен байытып, жанаша қарқын-

мен жетілдіруге жетелейтін, рухани байытатын шара. Бұл ұлттық байқау — ұрпақтар сабақтастығын жария етіп, елге қызмет етудің ең озық үлгілерін көрсетіп, өнеге алатын байқау ретінде қоғам алдындағы құндылығы жоғары, — деді Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы басшысы Айгерім Жұмағұлова.

Айта кетейік, Шымкентте ұлттық конкурстка қатысуға ниет білдірген отбасылар мамыр-маусым айларында өтініш тапсырған болатын. Іріктеу ке-

зенінің қорытындысы бойынша әр ауданнан 4 үміткер, барлығы 20 отбасы байқаудың екінші қалалық кезеңіне жолдама алды. Олардың қатарында еңбек адамдары және шығармашыл әулеттер, зияткерлік салаларда, ғылым мен өнерде жетістіктері бар отбасылар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсенді араласатын отбасылар, көпбалалы отбасылар қатысты.

Нәтижесінде, комиссия мүшелерінің шешімімен Сыздықовтар отбасы жеңімпаз атанып, республикалық конкурстка қатысуға жолдама алды.

Ұлттық байқауға қатысқан отбасылардан оқ бойы озық шыққан отбасыға арнайы диплом мен 1 миллион теңге қаржылай сыйлық табыс етіледі. Ал 19 отбасы да қала әкімінің алғыс хатымен және бағалы ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

Шымкент қаласы



АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баия ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырме №4475
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілтегі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 Ішкі 114,